



19 маусым, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

«АЛТЫН ЖҮРЕК» – АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ ҮЛГІСІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирус індетіне қарсы күреске зор үлес қосқан медицина қызметкерлеріне арнап тұрғызылған «Алтын жүрек» ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты. Ескерткіш елорданың сол жағалауында Алматы мен Ақмешіт көшелерінің қиылысындағы жаңа саябақтың аумағында орналасқан.

Президент салтанатты лентаны киіп, ескерткішке гүл шоғын қойды. Содан кейін ашылу рәсіміне жиналған медицина қызметкерлерінің алдында сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Алтын жүрек» ескерткішінің ашылуы аса қауіпті індетпен бетпе-бет келген отандастарымыздың ынтымағы мен бірлігін көрсететінін атап өтті. Мемлекет басшысы дәрігерлерге арнап ескерткіш орнату туралы тапсырманы былтыр «Біз біргеміз!» жалпыұлттық онлайн-форумында берген еді.

– Бұл – жаһандық дертке қарсы кү-

рескен отандастарымызға деген ел құрметінің белгісі. Сондай-ақ халықтың адал перзенттеріне ыстық ықыласының көрінісі. Ескерткіш ел басына қиындық туған сәтте қаһармандық көрсеткен жандардың рухына тағзым ету орнына айналады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін 10 мыңға жуық қызметкер коронавирус жұқтырып, оның 200-ден астамы қайтыс болғанын жеткізді.

Былтыр Қазақстан Президентінің Жарлығымен «Халық алғысы» медалі бекітіліп, пандемияға қарсы күресте алғы

шепте болған көптеген отандасымыз марапатталды. Президенттің айтуынша, бұл – олардың қажырлы еңбегі мен ерен ерлігіне деген халықтың ыстық ықыласының белгісі. Марапатқа ие болған азаматтардың көпшілігі денсаулық сақтау саласының қызметкерлері.

Қасым-Жомарт Тоқаев пандемия кезінде мемлекет тарапынан дәрігерлер мен жалпы медицина қызметкерлерін қолдауға бағытталған ынталандыру шаралары топтамасы қабылданғанын айтты.

– Коронавируспен күреске атсалысқан дәрігерлерге төленетін тек үстемеақы мен сақтандыру жәрдемақылары үшін 180 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінді. Үкімет биылғы қазан айына дейін төлемақы беруді жалғастыру үшін осы мақсатқа қосымша 71,5 миллиард теңге бөледі. Біз дәрігерлердің еңбекақысын

кезең-кезеңімен арттыруды бастадық. Бұл үрдіс жалғаса береді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде медицина қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың тиімді жүйесін құру маңыздылығына назар аударды.

– Бұл жүйеде ауылдық жерге келген мамандарға міндетті түрде тұрғын үй беру, біржолғы жәрдемақы төлеу және басқа да жеңілдіктер қамтылған. Мұндай шаралар облыстар мен қалалар әкімдерінің белсенді атсалысуымен еліміздің барлық өңірінде қабылдануға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент тек қаржылай ынталандырудың жеткіліксіз екенін айтты.

2-бет

● ДАМУ

Қызылордада әлемдік брендтегі қонақ үй салынады

Сыр өңірінің бас шаһарында келушілерге бар жағдай жасайтын, сапалы қызмет көрсетіп, қауіпсіздігін қамтамасыз ететін еуропалық стандарттағы қонақ үй бой көтеретін болады. Бұл жайында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалық етуімен өткен инвестор тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі өңірлік кеңес отырысында мәлім болды.

СЫДЫРЫС ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Заманауи үлгідегі қонақ үй құрылысы жайлы «Өрлеу» компаниясының бас директоры Данил Годзин хабарлама жасады. Ол өзі басқарып отырған компания Қазақстанда бірнеше жылдан бері эконом қонақ үйлер желілерін салумен айналысып келе жатқанын атап өтті. Олар алты жылдан бері франциялық «Assog Group» компаниясының негізгі стратегиялық серіктесіне айналған.

3-бет

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Мың алғыс сізге, дәрігер!

Бұл мерекенің мән-маңызы ерекше. Әсіресе, кейінгі уақыттағы адамзат әлеміндегі ахуал ақ желенді абзал жандарға құрметтің бағасын биіктеге түсті. Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты шарада облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова күрделі кезеңде үлкен жауапкершілік танытып, шынайы жанапшылықпен еңбек еткен саулық сақшыларын құттықтап, жылы лебізін арнады.

СЫДЫР БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



– Әлемді жайлаған індет бізге медицина мамандарының қажеттілігін бұрынғыдан да артық сезіндіріп, мәртебесін көтере түсті. Сіздердің еңбектеріңіз шын мәнінде барлық құрметке лайық! Бұл орайда әлемдегі ең ізгі, ең қастерлі мамандық иелерінің қызметі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып келеді. Әрине, ең жоғары баға – халықтың шынайы көңілі екені сөзсіз. Сындалы кезеңде дертіне шипа іздеген әрбір жерлесіміз сіздерге дән риза деп білемін, – деді облыс әкімі.

Былтыр облыс бойынша вируспен күрескен 3 мыңға жуық медицина қызметкеріне 3 млрд теңге көлемінде үстемеақы төленсе, жиырмадан астам медицина қызметкері жоғары мемлекеттік наградамен, 107 қоғам белсендісі «Халық алғысы» медалімен марапатталды.

Облыс әкімі кәсібиліктің жоғары үлгісін көрсеткен бірқатар медицина мамандарын ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек арда-

гері» медалімен, Ұлттық медицина ассоциациясының «Алтын дәрігер» төсбелгісімен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» және «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапаттады.

Сондай-ақ, жиында «Біздің сүйікті дәрігер – 2021» конкурсының жеңімпаздары да құрмет төрінен көрінді. «Үздік денсаулық менеджері» номинациясын облыстық психикалық денсаулық орталығының бас дәрігері Әділбай Медетбаев иеленсе, «Үздік аурухана дәрігері» номинациясын Арал ауданаралық ауруханасының дәрігері Гүлжанат Төлепова жеңіп алды. Қос марапат иесіне бір миллион теңгенің сертификаты табысталды. Ал, көпбейінді қалалық аурухана мейірбикесі Раушан Томанова «Үздік аурухана мейіргері» номинациясына лайық деп танылып, 700 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

– Бүгінде көпшілігіңіз пан-

демиямен күрестің алдыңғы шебінде жүрісіздер. Медицина қызметкерлерінің осындай қиын уақытта басымызға түскен ауыртыпалықты жеңе алатынына сенеміз. Қазірдің өзінде еліміз бойынша ахуал жақсарып келеді. Өткен айлармен салыстырғанда елімізде індет жұқтырғандардың саны екі есе қысқарған. Республика бойынша өлім-жітім көрсеткіші 2 аптаның ішінде 1,6 есеге төмендеген. Аймақтарда ауруханаларда ем алып жатқан науқастар саны да азайған. Сіздермен кездесудің орайлы сәтін пайдалана отырып, өз тарапымыздан қалыпты өмір сүру дағдысына оралу үшін екпе салдырудың маңызды екенін атап өткім келеді. Вакциналау шарасына біздің медицина мамандарының өздері де бастамашы болады деп сенеміз, – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиын соңында жергілікті өнерпаздар «Мың алғыс дәрігерлерге!» атты жана әнді шырқап, мереке иелеріне ерекше көңіл-күй сыйлады.

● ТАҒЗЫМ

Әлемді құтқарған мейірім

Шартарапты шарлаған коронавирус індетімен күресте ақ халаттылар мыңдаған адамның өмірін құтқарып қалды. Олардың арасында халық денсаулығын сақтау жолында жүріп, ауру жұқтырып дүниеден өткендер бар. Кеше олардың еңбегін ұмытпау, ұрпаққа насихаттау мақсатында Қызылорда медициналық жоғары колледжінің жанынан ескерткіш ашылды.

СЫДЫР БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Медицина қызметкері күні мерекесі қарсаңында өткен белгілінашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменова қатысты. Шарада ол медицина қызметкерлерінің ел денсаулығын сақтау жолында атқарған қызметі өте ауқымды екенін, медициналық құрал-жабдықтар қанша жетілгенімен, білікті мамансыз ештеңеге жарамайтынын, кәсіби деңгейі жоғары дәрігерлердің арқасында аурушандық біршама төмендеп тұрғанын атап өтті.

Сондай-ақ, жиынға сала ардагерлері Тұрғанбай Маханов, Рая Көзденева қатысып, бұрын да халқымыз сан түрлі сыннан өткенін айтты.

– Бір жақсысы, қазір індетке қарсы ем табылды. Бірақ арақашықтықты сақтау, маска тағу сынды қауіпсіздік ережелерін орындауға міндеттіміз. Сонда ғана аурудың алдын алуға болады. Қазақта «Өткендерді еске алған, өскендіктің белгісі» деген сөз бар. Халық денсаулығы жолында күрескен әріптестерімізге арналған ескерткіш үшін медицина қызметкерлері атынан алғыс білдіремін, – деді Тұрғанбай Маханов.

дегі әрбір медицина қызметкерінің жанкештілігін, қасібіне адалдығын көрсетеді. Ескерткіштің медициналық білім ордасының ауласында орналасуында да үлкен мән бар. Өйткені бұл мамандықты тандаған әр студент ел алдындағы антты берік болуы керектігін осы арқылы бойына сіңіреді деген ойдамын, – деді Раушан Базарбай.

Ескерткіштің авторы – суретші Әлібек Қойлақбаев. Науқастарды емдеуде қажыған, өзі де дертке шалдыққан, бірақ сонда да әлемді құтқаруға соңғы демі қалғанша күрескен медицина қызметкерін бейнелеген.

Шараға марқұм болған медицина қызметкерлерінің туыстары да қатысып, ескерткішке гүл шоғын қойды.



● БАСПАСӨЗ – 2021



Құрметті оқырман!

2021 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



«АЛТЫН ЖҮРЕК» – АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ ҮЛГІСІ

– Медицина қызметкерлерінің моральдық және заңдық жауапкершілігі артып келеді. Азаматтар тарапынан қойылатын талап та жоғары. Көптеген маман қысымға шыдамай, кәсіби тұрғыдан қажып, денсаулық сақтау саласынан бас тартуда. Өкінішке қарай, бұл – алаңдатарлық жағдай. Аталған үрдіс елімізде ғана орын алып отырған жоқ. Сондай-ақ бүкіл әлемде бес миллионнан астам дәрігер жетіспейді. Осы орайда медицина қызметкерлерінің құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғалуын біртіндеп күшейту қажет. Менің тапсырмам бойынша жыл соңына 1-бет



дейін медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесі іске қосылады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент медицина қызметкерлерінің қоғамдағы мәртебесін арттыру үшін «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері» атағын енгізуді ұсынды. Атақпен бірге материалдық сыйақы да беріледі. Оның көлемін Үкімет белгілейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев денсаулық сақтау жүйесінде қызмет ету өскелең ұрпақ үшін мәртебелі әрі тартымды болуы тиіс деп санайды.

Сонымен қатар Президент орта деңгейдегі медицина қызмет-

керлеріне қолдау көрсету мәселесіне тоқталды. Оның пікірінше, олар денсаулық сақтау жүйесінің басты ресурсы және жұмыстың негізгі бөлігін атқарады.

– Бізге мейіргерлердің жаңа буынын қалыптастыру қажет. Олар тек орындаушылар ғана емес, көпсалалы емдеу тобының жауапкершілік жүктелген тең құқықтық мүшелері болуы тиіс. Осы орайда олардың кәсіби дайындығының деңгейін біртіндеп көтеріп, мейіргерлік ісінің мәртебесін арттыру қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде Елбасының бастамасымен іске асырылған «Біз біргеміз!» акциясы

аясында пандемияға қарсы күреске зор үлес қосқан еріктілер мен меценаттардың қызметін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев барша медицина қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, «Алтын жүрек» ескерткіші орналасқан саябақты «Дәрігерлер аллеясы» деп атауды ұсынды. Жанадан ашылған кешен ақ халатты абзал жандарға деген халық алғысының белгісі болатынына сенім білдірді.

Жиын соңында Мемлекет басшысы медицина қызметкерлерімен әңгімелесті. Дәрігерлер көрсетіліп жатқан қолдауға алғыс айтты.



Меритократия – мансап жолындағы тиімді қадам.
Тәуелсіздіктің 30 жылдығы және 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күні қарсаңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова түрлі этнос жастарымен кездесті. Сан салада еңбек етіп жүрген оларды аймақ басшысы мансап биігіне маңдай термен сатылап көтерілуге шақырды.

С Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Кездесуде модератор, мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыстық департаментінің басшысы Рафхат Бисенов Қазақстан халқы ассамблеясының Қазақстанды бейбітшілік пен татулық орныққан ел ретінде бүкіл әлемге танытудағы орнын атап өтті.

– Қазіргі таңда қазақ жерінде қалыптасқан достық пен келісім арқасында 100-ден астам этнос пен 18 конфессия бейбіт өмір сүріп жатыр. Саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді іске асыруда Қазақстан халқы ассамблеясы жетекші роль атқарады, – деді департамент басшысы.

Бүгінде Сыр өңірінде 3,5 мыңға жуық мемлекеттік қызметші бар. Оның тең жартысы – әйелдер. 91 проценті жоғары білімді болса, 500-ге жуығы – жасы 29-ға толмаған қыз-жігіттер. Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының 22 және «Болашақ» бағдарламасының 4 түлегі түрлі салада қызмет атқарып жүр.

Талапты жастарға таптырмас мүмкіндік



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында сайдың тасындай іріктелген қазақстандық 300 жастан Президенттік кадр резерві жасалды. Бұл мемлекеттік қызмет саласын жаңартуға, озық ойлы жас көшбасшыларды жұмылдыруға және жастарды ынталандыруға мүмкіндік береді. Үздіктер арасында өңірде белсенділігімен көзге түсіп жүрген, өмір мектебінен өткен өзге этнос өкілдері де бар.

– Мемлекеттік қызмет барысында өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, білімді және еңбекқор жастарды кездестіріп жүреміз, солар үшін қуанамын. Жас мемлекеттік қызметші тек білімді ғана емес, жоғары моральдық жауапкершілік пен өз ісіне деген әділдік, адалдық, адамгершілік қасиеттерін тең ұстауы тиіс, – деді облыс әкімі.

Мерекелік кездесуде облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Юлия Трмасова, неміс этномәдени бірлестігінің

белсендісі, II дәрежелі «Достық» орденінің иегері Светлана Крюгер, «Зоопт» желісі арқылы байланысқа қосылған Парламент Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповских, Қазақстан-Британ техникалық университетінің студенті Евгений

Димеденко мемлекет тарапынан жастарға қолдау барын, мемлекеттік қызметтің асқан жауаптылықты талап ететінін тілге тиек етті.

– 16 жасымда цифрлық технология көмегімен «Boeing-757» ұшағының базасы негізінде техникалық, жобалық ұшақтардың апгрейді бойынша жоба жасадым. Оны «Boeing» компаниясы сатып алды. Қазақстандық жастардың білім-ғылымдағы жетістіктері – еліміздегі бірлік пен берекенің нәтижесі, – деді Е.Димеденко.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы «Абай қазынасына саяхат» клубының жетекшісі Елена Пак хакім шығармалары алға жылжуға ынталандыратынын айтты.

Мемлекеттік қызмет – мерейлі міндет, сонымен қатар талапты жастар үшін таптырмас мүмкіндік. Аймақ басшысы осы орайда жастарға артылар сенім жүгі салмақты екенін жеткізді.



ҚЫЗЫЛОРДАДА ӘЛЕМДІК БРЕНДТЕГІ ҚОНАҚ ҮЙ САЛЫНАДЫ

Д.Годзин «Assog group» қонақ үйлер желісін орналастыруда әлемдегі ең ірі үш компания құрамына кіретінін жеткізді. Қазіргі таңда олардың дүние жүзі бойынша 100-ден аса мемлекетте 4800-дей қонақ үй желісі бар. Хабарламашы олардың ішінде «Ibis» стандартымен салынатын үш жұлдызды экономдық қонақ үйлер үлкен сұранысқа ие екеніне назар аударды. Олардың саны 1900-ға жеткен, 754 мыңға жуық номерде 300 мыңнан аса адамға қызмет көрсетіледі. Мұндай қонақ үйлердің үлкен сұранысқа ие екені, әлем бойынша 33 сағатта бір жаңа ғимарат пайдалануға беріліп жатқаны туралы қорсеткіштен-ақ байқауға болады.

«Өрлеу» компаниясының бас директоры қазіргі таңда мұндай қонақ үйлер Нұр-Сұлтан мен Ақтөбе қалаларында пайдалануға берілгенін де айтты. Сондай-ақ еліміздің бірнеше қаласында жобалық құжаттамалары дайындалып, құрылысы басталып жатыр.

– Қызылорда – Қазақстандағы мұнай өндіріп жатқан өңірлердің бірі. Мұнда жан-жақтан инвесторлар мен кәсіпкерлер көп келеді. Қысқасы, Қызылорда – іскерлік байланыс үшін өте қолайлы өңір, сондықтан осындай қонақ үй құрылысын салу туралы ұсыныспен шығып отырмыз, – деген кәсіпкер компания мен бренд үшін басты құндылық – қауіпсіздік пен жайылық екенін жеткізді. Мұнда тұрақтаған әр қонаққа ерекше ілтипат пен жоғары санатты қызмет көрсетіледі. Мүмкіндігі

шектеулі жандарға да ғимарат ішінде еркін қозғалуына жағдай жасалған, оларға арнайы бөлме қарастырылған. Жеке VIP нөмірлер де болады. Келушілерге үзіліссіз қызмет көрсетіледі. Мәжіліс залы, демалыс орны мен мейрамхана бар. Бәрі халықаралық талапқа сай. Заманауи стандарттар мен жоғары деңгейлі еуропалық қызмет қазақстандық қонақжайлылықпен ұштастырылатын болады.

Спикер сондай-ақ құрылыс жұмыстары бір жарым-екі жылда аяқталатынын айтты. Құрылыс барысында 150-ден астам адам жұмысқа тартылған, ғимарат пайдалануға берілгеннен кейін онда 75 адам еңбек етеді.

Облыс әкімі заманауи үлгідегі қонақ үй кешенін салу мәселесі өзекті екенін алға тартып, сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктеді. Атап айтқанда, жобаны іске асыру үшін облыстық жер қатынастары басқармасы мен қала әкімдігіне «Байқоңыр» ӘКҚ» АҚ-мен бірлесіп жер учаскесін бөлуді және тиісті компания басшысына жобалық-сметалық құжаттаманы дайындауды тапсырды. Ал, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы нысан құрылысына рұқсат алу мәселесін пысықтауға міндетті.

Кеңес отырысының күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қызылорда қаласында арнайы экономикалық аймақ құру жобасы талқыланды. Өткен жылдан бастап «Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары» қабылданып, жүзеге

асырылуда. Аймақ басшысы нарық қажеттілігіне қарай жобалар санын ұлғайтуға ерекше басымдық берілгенін атап өтті.

– Быыл жобалар санын 265-тен 404-ке дейін ұлғайттық. Қазірдің өзінде жалпы құны шамамен 9 млрд теңгенің 115 жобасы іске асырылып, 1,3 мың жұмыс орны құрылды. Жүзеге асырылған жобалардың ішінде 40 жоба азық-түлік өнімдерін шығаратын жаңа кәсіпорындар болып табылады. Бес жылдан кейін аталған жобалар облыстың азық-түлікке деген қажеттілігінің 60%-ін қамтамасыз ету қажет. Бұл ретте жаңа жобаларды қолдау және орналастыру мақсатында арнайы экономикалық аймақ құру ұсынылады. Қазіргі таңда бұл мәселе бойынша Үкіметпен алдын ала келісім бар, – деді аймақ басшысы. Пандемия салдарынан әлемде ауылшаруашылық жұмыстарының режимі бұзылып, әлемдік қорлар азайғанын атап өтті.

Жаһандық азық-түлік жеткізу тізбегі өзгеріске ұшырап, кейбір елдер азық-түлік экспортын шектеді, Қытай тарапынан азық-түлікке сұраныс артты. Мұның барлығы бүкіл әлемде азық-түлік нарығын тұрақсыздандырып, бағаны өсіріп отыр. Азық-түлікке қалыптасқан әлемдік сұранысты ескерсек, біздің облыс аграрлық өлке ретінде тамақ саласын дамыту үшін үлкен мүмкіндікке ие.

Осы орайда облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев арнайы экономикалық

аймақ құру тәртібі мен негізгі алгоритмдерді баяндады.

Бүгінгі таңда, республикада 13 арнайы экономикалық аймақ жұмыс жасауда. Олардың бағыты – химия, мұнай-химия, сауда, тоқыма, металлургия, ақпараттық технологиялар, машина жасау, сондай-ақ өндірістің аралас түрлерін қамтиды. Дегенмен, 100% азық-түлік өнімдерін өңдеуге бағытталған экономикалық аймақтар жоқ.

Арнайы экономикалық аймақ құрудың негізгі мақсаты – тамақ өнеркәсібі саласын дамыту, жаңа технологияларды қолданатын жаңа өндіріс орындарын ашу, ішкі нарықтың тамақ өнеркәсібіне сұранысын қанағаттандыру және өнімдерді экспортқа шығару. Бұл ретте мүдделі орталық немесе жергілікті атқарушы орган, заңды тұлғалар тұжырымдама ұсына отырып, уәкілетті органға арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс енгізеді. Басты тиімділігі мүдделі тараптарға бірқатар жеңілдік беріледі. Мәселен, аймақ аумағында толық тұтынылатын тауарларды қосылған құн салығынан, жерді жалға алу үшін салық пен төлемдерден, мүлік салығынан және корпоративтік табыс салығынан босатуға мүмкіндік алады.

Басқарма басшысы арнайы экономикалық аймақты бұрынғы Тоқылмайтын маталар фабрикасы базасында орналастыру тиімді екенін атап өтті. Өйткені мұнда өнеркәсіптік базаға барлық қажетті инфрақұрылым тартылған. Базаның әкімшілік ғимараты, көлемі 40 мың шаршы метрлік тұрмыстық үй-

жайлары, қоймалары, 2 темір жол желісі, қуаты 35 кВ-тық электр подстанциясы, су ұңғымасы, биологиялық тазарту станциясы бар. Сондай-ақ, көлемі 18,2 гектар болатын жер учаскелері бар.

Биыл арнайы экономикалық аймақ құру бойынша ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. Болжам бойынша аймақ 2022 жылы ашылып, өз қызметін бастап, заңнамаға сәйкес 25 жылға құрылады. Бұл ретте жұмысты үйлестіру үшін іс-шаралар жоспары бекітіледі.

Облыс басшысы арнайы экономикалық аймақ құру өңірде азық-түлік саласының дамуына жаңа серпін беріп, экономикаға оң әсерін тигізетінін жеткізді. Сондай-ақ, ортақ мәселелердің шешілуі мүдделі мекемелер мен кәсіпкерлердің нәтижелі жұмыс жасауына байланысты екенін қаперге салды.

Жиында облыстық мәслихаттың депутаты, белгілі кәсіпкер Бақдәулет Мақашов арнайы экономикалық аймақтың негізінен азық-түлік өндірісіне арналып отырғаны өте құптарлық іс екенін жеткізіп, болашақта Тоқылмайтын маталар фабрикасы аумағы жаңадан ашылатын кәсіпорындар үшін таршылық етіп қалуы мүмкін екенін айтты. Сол себептен іргелес аумақты да қосу қажеттілігі туралы ұсыныс білдірді. Облыс әкімі ұсынысты толығымен қолдады.

Отырыста айтылған тапсырмалардың орындалуына бақылау жасау және үйлестіру облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешевке жүктелді.

● ЕКПЕ АЛ!

Ұжымдық иммунитет қалыптастырды

Әлемді шарлаған коронавирусты еңсерудің жалғыз амалы – вакцина екені даусыз. Облыста індеттің алдын алу мақсатында ұжым болып екпе салдырғандар саны артып келеді.

Ішкі саясат басқармасының облыстық «Жастар ресурстық орталығы» мекемесі қызметкерлерінің 90 проценті вакцина салдырды. Олар өзара таңдау жасап, бірі ресейлік «Спутник V» вакцинасын, бірқатары қытай технологиясы бойынша өндірілген араб елінің Na-uat Vax вакцинасын, сонымен қатар қазақстандық өнім QazVac вакцинасын да қабылдады.

Бүгінде екпенің екі кезеңін де толықтай қабылдаған мамандар денсаулығында өзгеріс байқалмағанын, теріс әсері болмағанын, вакцинадан кейін өздерін жақсы сезінетіндіктерін айтты. Олардың пікірінше, жаппай вакциналау арқылы ұжымдық иммунитет қалыптасқанда ғана коронавирусты жеңуге болады.

Сонымен қатар, орталық ғимаратында 16 маусымнан бастап COVID-19-ға қарсы вакциналау пунктін ашылды. Онда орталық қызметкерлерімен қатар, сол жағалау тұрғындары және сол маңдағы мекемелер – «Болашақ» университеті, «Рухани жаңғыру» орталығы, «Orda school» мектебі, «Ханшайым-ана» балабақшасының қызметкерлері вакцина қабылдауда. Пункт ашылғаннан бері 80-ге жуық адам екпе ектірді.

«СБ» ақпарат



Ұлттық халық санағы: Тіршілік таразыға түсер тарихи сәт

Биыл елімізде жүзеге асырылатын ауқымды шараның бірі – халық санағы. Негізінде ол алдын ала белгіленген жоспарға сәйкес 2019 жылы өткізілуі тиіс еді, белгілі себептермен 2021 жылға ауыстырылды.


СЫДЫРЫС ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Жалпы санақ – тек біздің елімізде ғана емес, дүние жүзіндегі міндетті шара. Оның өткізілуі мемлекеттің 10 жылдағы даму деңгейін, сандық тұрғыдан көп мәселелерді айқындап алуға мүмкіндік береді. Халықтың өсуі, тұрмыс жағдайы, экономика мен басқа салалардағы жаңа өзгерістер санақ арқылы анықталады. Халық санын, этникалық құрамын дәл білу, тұрмысын зерттеу, бұрынғы есептермен салыстырып, өзгеру серпініне талдау жасау үшін қажет.

Биылғы халық санағы, ең алдымен, халықтың демографиялық ахуалы, яғни тұрғындардың жасы, жынысы, орналасу тығыздығы, ұлттық құрамы, тілі, азаматтығы, діни сенімі секілді көптеген көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік береді. Екінші өлшем – неке жағдайы. Елде ажырасу деңгейі қандай, некеге тұру, ажырасудың қырсырын анықтап береді. Үшіншісі – білім деңгейі. Халықтың білім деңгейі қаншалықты көтерілді, жоғары, орта және бастауыш біліммен қамтамасыз етілген халық саны қанша деген сұрақтар жауабы алынады. Төртінші жағдай – көші-қон. Еліміздегі халықтың ішкі-сыртқы миграциясы, саны, айырмашылығы қанша, халық қайда көшіп жатыр деген мәліметтерге қол жеткізіледі. Тағы бір маңыздылығы халықтың әлеуметтік белсенділігін анықтауға көмектеседі. Дәлірек айтсақ, жұмысқа қабілетті, белсенді халықтың көлемін анықтау маңызды. Бұл – екінші жағынан экономикалық потенциал, халықтың, мемлекеттің экономикалық саясатын жүргізуге қажетті күш. Одан бөлек, халықтың табысы, кіріс көздері, шаруашылықтар, отбасы, үй саны секілді басқа да мәліметтерге қанығатын боламыз.

Ұлттық халық санағы 2021 жылы 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі аралығын қамтиды. Қазіргі таңда оның «Қазақстанда әркім маңызды!» атты девизи мен логотипі бекітілген. Биылғы халық санағының бұрынғылардан айырмашылығы электронды формат арқылы өткізілуінде болып отыр.

– Санақ екі кезеңнен тұрады. 1 маусымнан бірінші немесе дайындық кезеңі басталды. Атап айтқанда, тұрақты тұрғындар санын нақтылай отырып, тұрғын үйлердің, ғимараттардың және тұрғын емес үй-жайлардың тізімін жасау, сондай-ақ әр елді мекен



үшін картографиялық материалды нақтылау жүргізіледі, – дейді облыстық статистика департаментінің басшысы Мариам Баекеева. Екінші кезең 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығын қамтып, тұрғындарды жаппай халық санағынан өткізу жұмыстары жүргізіледі. Оның айтуынша, санақ 1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында онлайн режимде, 1-30 қазан аралығында планшет арқылы қамтамасыз етілмек.

Мамандар атап өткендей, бірінші кезеңнің негізгі мақсаты – адамдардың көрсетілген мекенжайда тұруын нақтылау. Ол халықтан ауызша сауалнама сұрау арқылы өтеді. 1 - 30 маусым аралығында сұхбатшылар тұрғын үйлер мен тұрғын емес үй-жайлардың, құрылыстардың, сондай-ақ ондағы тұратын тұрғындардың нақты санын анықтау мақсатында әрбір елді мекенді аралап шығады. Санақ объектілері туралы мәліметтерді планшет пайдалана отырып электронды базаға енгізеді.

Бүгінде Қызылорда қаласында 10 санақ учаскесі ашылып, мектептерден кабинеттер бөлінген. 1 кезеңдегі сұхбатшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша облыстық ішкі істер департаментіне тиісті ұсыныстар берілді. Сондай-ақ, санақ кезінде «1446» бірыңғай call-орталығы жұмыс жасайды. «1446» – елдің барлық аумағындағы мобильді және стационар телефондар үшін бірыңғай нөмір. Сондай-ақ, 8 8000 800 878 нөмірі жұмыс жасайды. Call-орталыққа қоңырау шалу тегін.

1 кезеңдегі санақ персоналдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында маскалар мен дезинфекциялық құралдар толығымен алынған. Санақ жүргізуші персоналдарға куәлік (бейдж үшін қосымша бет) берілді. Куәлікте сұхбатшының немесе нұсқаушы-бақылаушының суреті болады. Сонымен қатар, тегі, аты, әкесінің аты, берілген күні және оның жарамдылық мерзімі секілді деректер көрсетіліп, аумақтық статистика органының қолы қойылып, мөрі басылады. Тағы бір назар аударарлық жайт, персоналда халық санағының белгісі бар көк түсті мойынорағыш пен портфелі болады.

Санақ парақтарындағы сұрақтардың жалпы саны – 87. Оның ішінде 67-сі негізгі сұрақ және 20-сы – нақтылаушы сұрақ. Толтырылатын 3-И жеке санақ парағы 38 сұрағы бар 9 бөлімнен тұрады. Сұрақтар жалпы және этномәдени сипаттамалары, білім және сауаттылық деңгейі, көші-қон, неке жағдайы, бала туу (әйелдер үшін), жұмыспен қамту, өмір сүру көздері, тіршілік әрекетінің шектеулері бойынша қойылады.

Барлық дерек қатаң түрде құпия сақталатынын айрықша атап өткен жөн. «Мемлекеттік статистика туралы» заңға сәйкес барлық алғашқы статистикалық деректер құпия және оны мемлекеттік статистика органдары тек қана статистикалық ақпарат жүргізу мақсатында пайдаланады. Алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтау кезінде

олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, заңда мемлекеттік статистика органдары қызметкерлерінің алғашқы статистикалық деректерді жоғалтқаны, сатқаны, бергені және өзге де заңсыз жария еткені үшін жауапкершілік көзделген. Ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес барлық қызметкерлер, соның ішінде уақытша қызметкерлер құпиялылықты сақтау туралы келісімге қол қояды. Санақ деректерін қорғау санақ персоналы пайдаланатын планшеттік құрылғылардан деректерді беру кезінде де қамтамасыз етіледі.

Қала, аудандардағы санақ бөлімдері қажетті құрал - жабдықтармен қамтылған, (компьютер, телефон, үстел, орындық) мектеп ішінен кабинеттер уақытша бөлінген.

Жалпы Ұлттық санақ өткізуге мемлекет 8,2 млрд теңге қаржы бөлген. Еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан кейін алғашқы санақ 1999 жылы өткізіліп, онда халық саны 14,98 млн адам болды, 2009 жылы дәстүрлі түрде жүргізілген халық санағы елімізде 16 млн 96 мың адам тұратындығын анықтап берді. Үшінші халық санағының алғашқы деректері жыл соңына қарай жинақтала бастайды. Оның нәтижесі бұдан кейінгі есептерге, алдағы жылдарға жоспар, болжам жасау үшін аса маңызды екенін естен шығармауымыз керек. Сондықтан «Қазақстанда әркім маңызды!» деген ұран басшылыққа алынған ұлттық маңызы бар шараның дұрыс өтуіне жауапкершілікпен қарайық.

● БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

Адам тағдыры бәрінен қымбат

Кез келген қоғам тәртіпке негізделіп, қалыптасып, тіршілік етеді. Тәртіп болмаса, ол құлдырайды, келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырды. Өмір болған соң қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да кездеседі. Осыдан келіп құқық бұзушылық орын алады. Ал, құқық бұзушылық – қоғам өміріне тән дерт.

Статистикаға жүгінейік. 1990 жылдары Қазақстан түрмеде отырғандардың саны жөнінен АҚШ пен Ресейден кейінгі алғашқы үштікте болған еді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаев қылмыстық ахуалдың көрсеткіштерін төмендету, түрмеде отырғандардың санын азайту мақсатында тың бастамалар көтеріп, «Түрмедегілерді азайтудың 10 шарасы» жобасы қабылданды. Нәтижесінде 30 жылдың ішінде олардың саны 105 мыңнан 36 мыңға дейін қысқартылды.

Босап шыққан 70 мың азаматты қоғамға қайта бейімдеу, әлеуметтік көмек көрсету және жұмысқа орналастыру онай шаруа еместігі белгілі. Соған байланысты жазасын өтеп шыққан азаматтарды ортаға бейімдеу мақсатында 2005 жылы Павлодар, 2013 жылы Шымкент, 2016 жылы Қызылорда қаласы әкімінің қаулысына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеп шыққан азаматтарға арналған «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» ашылды.

Орталықты ашуға республикалық және жергілікті бюджеттен 13,2 млн теңге қаржы бөлініп, 11 шататтық бірлік қаралды. Ондағы қызметкерлер келіп түскен контингентке тұрғын үйге және сотталғанға дейін олар иеленген материалдық игілікке заңды құқықтарын қалпына келтіруге, жеке басын куәландыратын құжаттарды рәсімдеуге жәрдемдеседі. Жұмыспен қамтылып, тұрмыстық орналасуына, кәсіптік білім алуына жәрдемдеседі, құқықтық, психологиялық және медициналық көмекті тегін көрсетеді.

Түрмеге түскен жанның жағдайы жақсы болмайтыны баршаға мәлім. Есік-терезесі торланған тар бөлмеде бірнеше адам болып немесе ыңғайсыз жерде қатарласа тізіліп жататын сотталғандар арасында небір ауыр қылмыс жасағандардың жүретіні бәрімізге белгілі. Тар қапаста сан жылдарды бірге өткізетіндердің жазылмаған заны және бар. Әлбетте, адамға қайда жүрсе де өмір сүру керек. Сол себепті бас еркінен айырылған жанған өмірдің жазылмаған ережесіне амалсыз бағынуына тура келеді. Өрине, түзеу мекемесі сотталғандардың барлығын түзейді дегенге екінің бірі сене қоймайды. Демек, темір торға тоғытылған адамдардың тағдыры тәлкекке түседі деген рас сөз.

Осыған орай қанішер қылмыскерлердің қатарына әлі қылмыс әлеміне деңдемегендерді қосып, қосактай берудің қаншалықты пайдасы мен зияны бар екенін қазір қоғам жақсы біле бастады. Қалыптасқан күрделі мәселелерді шешу мақсатында Елбасы Жарлығымен ҚР бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясы, «Пробация қызметі туралы» заң, «Қақпа алдында кездесу» әлеуметтік жобасы сияқты маңызды құжаттар қабылданды.

Орталық мамандары қала бойынша 5 жылда жазасын өтеп шыққан және пробация қызметі есебінде тұратын 1849 адамды есепке алып, кездесулер жүргізіліп, әлеуметтік карта жасалды. Психологиялық және заңгерлік көмек көрсетілді. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде 338-і тұрақты жұмыспен



қамтылды. Оның ішінде қала әкімі белгілеген квота бойынша жұмысқа орналасқандар саны – 122.

Кәсіби оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру барысында орталық мамандарының ықпалымен 92 азамат оқуға тартылып, 27 азамат қайтарымсыз несие алып, өз кәсібін ашып жұмыс жасауда. Құжаттарын қайта рәсімдеуге, тұрғылықты мекен-жайға тіркеуге, жер телімін алуға кезекке тұруға және атаулы әлеуметтік көмек алуға 164 азаматқа көмек көрсетілді.

Қызылорда қаласындағы түзеу мекемелерінде және пробация қызметі есебінде тұратын азаматтармен «Қақпа алдында кездесу», «Ашық есік» іс-шаралары 83 рет ұйымдастырылды. Орталық мамандарының ықпалымен өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталыққа үй-күйсіз қалған 92 азамат орналастырылды. Оларды тұрақты жұмыспен қамту, қайтарымсыз несие алып, өз кәсібін ашуына жәрдемдесу жүйелі жүргізіліп отыр.

Қызылорда қаласы әкімдігінің қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің

ұйымдастыруымен «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» 5 жылда 41 рет өткізілді. Төтенше жағдай кезеңінде әлеуметтік көмек алғандар – 197, «Nur Otan» партиясының «Біз біргеміз» акциясы аясында 50 000 теңге жәрдемақы алғандар саны – 8. Қызметінің шектелуіне байланысты 42 500 теңге әлеуметтік төлем алуға 70, азық-түлік және тұрмыстық жиынтықтарын сатып алу үшін 5567 теңге жәрдемақы алуына 35 азаматқа көмек көрсетілді.

Кейінгі бес жылда салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде мәдени-спорттық шаралар 20 рет өткізілді. Орталық мамандарының атқарып жүрген жұмыстары жоғарғы орган тарапынан еленіп, Б.Нұртазаев, О.Әділ, Б.Абдрахманов қала әкімінің алғыс хатымен, А. Ерхожаева, У.Әлсүгірова, Б.Ақбала Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі басшысының алғыс хатымен, Р.Нұртаева «Nur Otan» партиясының алғыс хатымен марапатталды.

Мекеме тарапынан жүргізілген жұмыстар нәтижелері облыстық «Қазақстан-Қызылорда», «Қоғам ТВ» телеарналары арқылы жүйелі түрде насихатталып, «Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы» газеттерінде мақалалар жарияланды. «Адасканның айыбы жоқ, қайтіп үйірін тапқан соң» дегендей, қылмыс жасап, бірақ айыбын ұғынып, қоғамға түзу азамат болып оралғысы келетіндерге қолдау көрсету тек құқық қорғау органдары немесе қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің жұмысы емес. Бұл – барлығымыздың міндетіміз.

Бақыт НҰРТАЗЕВ,
қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту орталығының директоры

ЖОБА

Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелерін резервте қалдыру туралы

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 24-бабының 1-тармағына, «Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі №943 қаулысына және Респуб-ликалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелерін резервте қалдыру туралы тексеру нәтижелерінің 2019 жылғы 18 маусымдағы №1 актісіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының Жалағаш, Жаңақорған, Қармақшы, Сыр-дария, Шиелі аудандарында Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелерінің шекарасы, орналасу схемасы мен экспликациясы бойынша жалпы көлемі 2073484,2 гектар жер учаскелері жер пайдаланушылардан алып қоймай 10 жыл мерзімге резервте қалдырылсын.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін Қызылорда облысының Жалағаш, Жаңақорған, Қармақшы, Сырдария, Шиелі аудандарында резервте қалдырылатын жер учаскелерінің пайдалану құқығына шектеулер (ауыртыпалықтар) белгіленсін.

3. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқарма-сы» мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасы Эко-логия, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануар-лар дүниесі комитетінің Қы-зылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мекемесі (келісім бойынша) және Жалағаш, Жаңақорған, Қармақшы, Сырдария, Шиелі аудандарының әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орын-далуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г.ӘБДІҚАЛЫКОВА

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті» республикалық мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпора-циясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызыл-орда облысы бойынша филиалы

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі

*Қаулы жобасының қосымшасы
https://kyzylorda-news.kz ақпараттық порталында жарияланды*

Нейрохирург

Атшаптырым аумақты алып жатқан аурухананың қабылдау бөліміндегі қарбалас бір сәт те толастамайды. Кезекті жедел жәрдем көлігі дабылдап келіп тоқтады. Көліктен секіріп түскен жедел қызмет дәрігерінің де, оның әріптестерінің де қимылы шалт. Зембіл дөңгелегі сарт-сұрт етіп алға жылжыды. Үстінде жап-жас келіншек. Сұлқ жатыр, ес-түссіз сияқты.

Сb Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»



Қабылдау бөліміне нейроинсульт бөлімшесінен шұғыл түрде мамандар шақырылды. Нейрохирург Қанат Набдиновке жасы 35-тегі аяғы ауыр әйелдің инсульт алғаны, комаға түскені хабарланды. Магнитті-резонансты томография көрсеткен суретте миға қан ұйып қалған.

Мұндайда әр секунд қымбат. Кейде туысқандарының рұқсатын алу сияқты құжатқа қатысты процедуралар да уақыт ұстайды. Жалпы бұл санатты операциялардың ешқайсысы жеңіл болған емес. Бас сүйекті ашып, ұйыған қанды тазарту керек. 4-5 сағат бойы науқастың өмірі үшін күресуге тура келеді. Сол үшін мамандар тәуліктің қай мезгілінде болмасын қас қақпайтын сар-баздардай әзір тұрады. Қанат бұл жолы бір емес, екі бірдей адамның өмірі үшін жауапты екенін ойлап үлгерді.

Пациенттің бас сүйегі ашылып, ұйыған қан тазартылды. Гинеколог мамандар да ана мен құрсағындағы нәрестенің өміріне қауіп жоқ екенін айтты. Бірақ бұл инсультке шалдыққан аяғы ауыр науқас өткерген алғашқы операция еді. Жағдайы тұрақталған соң екіншісі шоғырланып, шимайланып қалған тамырларды жазу үшін жасалды.

Операция үстеліндегі нейрохирургтің жұмысын күнделікті тіршіліктегі қандай қарекетпен салыстыруға болады? Шама-сы, асыл тастың әрқайсысын өз орнына қоятын, айтпесе бұйымның сәні келмейтін зергердің жұмысындай шығар. Әлде мыңдаған моншақты көз майын тауысып тізетін шебердің ісіндей ме екен? Адамның миы дегеніміз миллиардтаған жасушадан тұратын, әрқайсысы өз бетінше қызмет атқаратын өте күрделі ағза екені белгілі.

– Елімізде Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық нейрохирургиялық орталықтан кейін 2011 жылы Қызылорда қаласында ми тамырларының артериовенозды мальформацияларына, қапшықты аневризмаларына, ми ісігінің патологиялық тамырларына, ишемиялық инсульт кезінде эндovasкулярлы әдіспен, яғни шап арқылы сан артериясына операция жасалды, – дейді дәрігер нейрохирург.

Қанат Набдиновтің кәсіби білімінің негізі Қызылорда медициналық училищесінде қаланды. Мейіргер мамандығымен психиатриялық ауруханада, облыстық аурухананың нейрохирургия бөлімшесіне жұмыс істеді. Жоғары білімді Алматыдағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік медицина университетінен алып, №6 қалалық емханада хирург дәрігер ретінде тәжірибе жинады. 2006 жылдан бері қазіргі көпбейінді облыстық аурухананың нейрохирургия бөлімінің дәрігері.

Бүгінде әлемдік медицина адам ағзасына қатысты құпияның бірталайын ашты. Сондықтан күн сайынғы жаңалықтың ағынына ілесу маңызды. Қанат Ұлттық нейрохирургия орталығында, Қазан, Стамбул, Санкт-Петербург, Германияның Эссен, Францияның Лимож, Швейцарияның Цюрих, Латвияның Рига қалаларындағы ірі нейрохирургиялық орталықтарда білімі мен тәжірибесін жетілдірді. Жоғарыда айтылған операцияларды жасаудың қырсырын үйренді.

«...Миына қан құйылыпты, адам болуы екіталай». Бұрын инсульт алған адам тағдырына қатысты осындай шешім шығарылатын. Қазір заманауи магнитті-резонансты томография, ангиограф сияқты құрылғылар қолданысқа енгізілгені инсульттан кейін аяғына тұрып кетіп жатқандар көп. Бұл игілікті іске Қанат дәрігердің қосып жүрген үлесі қомақты.

• Ертең – медицина қызметкерлері күні

Өңірдегі жанашыл медициналық мекеменің бірі – Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы. Бастапқыда облыстық аурухана филиалы ретінде ашылған емдеу орны 2019 жылдың мамырында Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы болып өз алдына бөлек шықты. Бүгінде 105 төсектік тәуліктік стационар, 65 төсектік күндізгі емдеу орны бар мекемеде 500-ге жуық қызметкер еңбек етеді. Сонымен бірге, аурухананың Ақай, Төретам елді мекендерінде аурухана мен емханалары бар. Сол кезде мекеменің материалдық-техникалық базасы 29,11 процентті құраса, былтыр індетпен күресуге республикалық, жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, демеушілік қор және аурухана есебінен 83 млн теңгеге құрал-жабдықтар алынып, жоғарыдағы көрсеткіш 90,86 процентке жетті.

Сb Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Жандос және оның командасы

Аурухананы қажетті мамандармен қамтуда да бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

– 2019 жылы 17 дәрігер жұмысқа қабылданса, былтыр 23 маман келді. Биылдың өзінде Төретам емханасына педиатр, балалар психиатры, рентгенолог маман және жалпы тәжірибелік дәрігер мен кардиолог маман қатарымызға қосылды. Жұмысқа қабылданғандарға жаңадан салынған 5 тұрғын үйден 12 пәтер берілді. Биыл М.Оспанов атындағы медицина университетін «жалпы тәжірибелі дәрігер» мамандығы бойынша бітіруші 6 түлекті жұмысқа қабылдау көзделуде, – дейді аурухана бас дәрігері Жандос Әділхан.

Мамандардың біліктілігі мен білімі – істің алға басыуының басты шарты. Бұл орайда аурухана басшылығы кадрлар біліктілігін арттыруды басты назарда ұстауда. – Медицина уақыт ағымымен алға жылжып, көз ілеспес жылдамдықпен дамып отыр. Күн сайын жаңа әдіс-тәсілдер енгізіліп, заманауи құрал-жабдықтар ұсынылуда. Сондықтан бүгінде медицина қызметкерлерінің үнемі ізденісте жүріп, жаңалықтарға ілесу талап етіледі. Осы орайда дәрігерлер мен орта буын

қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру, біліктілігін көтеруге аса мән беріледі. Мәселен, былтыр 37 дәрігер, 22 орта медицина қызметкері әр түрлі цикл бойынша біліктілік жетілдіру курстарынан өтті. «Бес жасқа дейінгі науқас бала күтімі» тақырыбында 30 қызметкердің, «Қалта анықтамасы» бойынша 52, «Наркология сараптама сұрақтары» бойынша 14 қызметкердің семинар-тренингке қатысуы ұйымдастырылды, – деп атап өтті бас дәрігер.

Онан бөлек, облыс көлемінде мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттырудың 2016-2018 жылдарға арналған жоспарына сәйкес 2018 жылы 17 дәрігер, 65 орта буын медицина қызметкері білімін жетілдірген.

Аурухана басшылығы Елбасы Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында нақтыланған саланы цифрландыру бағытында да біршама жұмыстар атқаруда. Атап айтқанда, аурухана қызметкерлерінің жұмыс орындары 70 процент компьютерлік жиынтықпен жабдықталса, 100 процент интернет байланысы-

на қосылды. Бұл медициналық құжаттарды электронды жүйеде жүргізуге мүмкіндік беруде.

Коронавирус инфекциясы, әсіресе, медицина саласына ауыр тигені белгілі. Белгісіз аурумен күресу, індет жұқтырғандарды аман алып қалу үшін медицина қызметкерлері аянбай еңбек етті. Кез келген емдеу мекемесі көзге көрінбейтін қауіпті дертпен күресуге кірісіп кетті. Осы орайда Байқоңыр ауруханасы да тиісті жұмыстарды ұйымдастырып, науқастарды емдеуде аянып қалмады. Мәселен, былтырғы сәуір айында емдеу орнынан 30 төсектік карантиндік және 15 орындық провизорлық бөлімдер ашылып, індетке шалдыққан науқастар ем алды.

Аурухана басшылығы тек өз мекемесі ғана емес, сондай-ақ, ауруханаға қарасты мектептердегі медициналық көмек көрсету кабинеттерінің заманауи, медициналық құрал-жабдықтармен (дефебрилятор, ЭКГ аппараттар, т.б.) қамтылуына көңіл бөледі әдетке айналдырған. 2019 жыл мен биылдың аралығын салыстырғанда мектептің медициналық көмек көрсету кабинеттерінің жабдыкталуы 12%-тен 80%-ке

жоғарылаған. Бұл көрсеткішті жыл соңына дейін 100%-ке жеткізу жоспарлануда.

– Аталған құрал-жабдықтарды пайдалану тәртібі бойынша мектеп мейірбикелеріне әдістемелік нұсқаулықтар таныстырылып, үйретілді. «Дені сау ұрпақ – елдің ертені» демекші, жас буынға сапалы медициналық көмек көрсету, аурудың алдын алу, болдырмау – мектеп мейірбикелерінің негізгі мақсаты. Біз соған Ұйытқы болудамыз, – дейді Жандос Қойшыбайұлы.

Аурухана ұжымының тынымсыз еңбегі, жаңашылдыққа ұмтылған ізденісі өз кезегінде лайықты бағасын алуда. Атап айтқанда, жақында Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы республика көлеміндегі барлық емдеу ұйымдары арасында алғашқы бестіктен көрінсе, облыс бойынша «Үздік» атанды. Бұл, ең алдымен, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары аурухананың бас дәрігері, қазіргі тілмен айтқанда, бас менеджер Жандос Қойшыбайұлының, сонан кейін бір мақсатқа жұдырықтай жұмыла білген, ауызбіршілік пен ынтымағы жарасқан ұжым мүшелерінің есепі еңбегі екені сөзсіз.

Ауызбіршілік демекші, аурухана қызметкерлері індетке қарсы вакцинация жұмысына да белсене қатысып, ұжымдық имунитет қалыптастыруға өз үлестерін қосқан бірден-бір ұжым. Бүгінде аурухана қызметкерлерінің 99 проценті екпе алған.

– Бүгінде індетті жеңудің бірден-бір жолы вакцинация екенін әлем болып мойындады. Біздің елімізде де кеселге қарсы вакциналау жұмыстары жүргізілуде. Ұжымдық имунитет қалыптасқанда ғана ауруды жеңуге болатынын мамандар айтып отыр. Осы орайда біздің аурухана қызметкерлерінің 99 проценті екпе алып, ұжымдық имунитет қалыптастыруға атсалысқанын айтқым келеді, – дейді бас дәрігер.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, енді ғана қалыптасып келе жатқан емдеу мекемесінің аз уақыт ішіндегі мұндай жетістігі ұжымдағы бірлік пен берекенің айқын көрінісі екені сөзсіз. Мереке қарсаңында аурухана ұжымына абыройларыңыз арта берсін деген тілектестігімізді білдірдік.



● МІНДЕТІНЕ АДАЛ МЕЙІРБИКЕ

Саулық сақшысы

«Ұйқыдан ауырмай тұрудың өзі – жарты бақыт». Журналист Бейсен Құранбектің бұл сөзін аурухана палатасында күн өткізген жандар жақсы түсінеді. Мұндайда дәрігердің емі де, мейірбикенің күдікті үмітке жеңдірген сөзі де шипалы.

Сb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Мейірбике Гүлжазира Зиятова мұны студент кезінен-ақ ұқты. Қызылорда медициналық жоғары колледжінде оқыған уақытта зейінділікті талап ететін мейірбике жұмысы тынымсыз екенін білсе де ерекше қызықты. Осылайша бала кезінен ақ халат киіп, ата-әжемді емдесем деген арманы мыңдаған адамнан алғыс алуына жол ашты.

№3 қалалық емханада еңбек жолын бастаған ол бүгінде науқастар іздеп тұратын мейірбикеге айналды. Үлкен мен кішінің көңілін тез табатын мінезі, науқасты өзіне жақын тартатын қамқор көңілі кәсіби міндетіне мұқият Гүлжазираны үздік маман атандырды.

Жыл өткен сайын тәжірибе жинақтап, білімін



басқалардың игілігі үшін пайдалана білген ол қазір мамандандырылған көмек көрсету бөлімінде қызмет етеді. Сондай-ақ, індетке қарсы екпе жүргізетін вакцинатор.

– Адамдағы үміт оты сөнбегенін, жүзіндегі қуанышты қоры – айтып жеткізгісіз керемет сезім. Ауруханаға келген әр адамда іштей мазасыздық, алаңдаушылық, уайым болатыны белгілі. Сондайда пациенттің алаң көңілін басып, бәрі жақсы болатынына сендіріп, міндетімді шын ықыласпен атқаруға тырысамын. Тіпті, әр дәріні берген сайын «ем болсын» деген сөзіме ата-әжелердің шын жүректен рақмет айтып, палатадан шығарда бата бергені, ізгі-тілектері ешнәрсемен өлшенбейді, – деді ол.

Расында, өмірде ақшамен өлшенбейтін дүниелер бар. Әр науқасты танымаса да күліп қарсы алып, туысындай қамқор болатын мейірбике адамдардың шын ниетін осылай бағалайды. Білімі терең әрі қағылез маманның мерейі үстем болатыны белгілі. Былтыр Гүлжазира «Үздік мейірбике» номинациясымен марапатталды. Бірақ нағыз маманның марапатқа марқайып, токмейілісімітіні белгілі. Бізбен аз-кем әңгімеден соң ол қауырт қызметіне кірісіп кетті.

Сараптама орталығының серпінді қызметі

Ұлттық сараптама орталығының облыстық филиалы тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын сақтауда ғасырға жуық қызмет етіп келеді. Филиалдың аккредиттелген жеті аудандық бөлімшесі бар. Оларда бактериологиялық, вирусологиялық, аса қауіпті инфекциялар, санитарлық-гигиеналық, жоғары технологиялық зерттеулер зертханасы, дезинфекциялау және зооэнтмологиялық бөлімдер жұмыс істейді. Аталған зертханалар мен бөлімдерде облыс бойынша 260 маман еңбек етеді.

Сb Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

— Біздің негізгі бағытымыз, басты қызметіміз — мемлекеттік тапсырыс аясында және ақилы негізде қоршаған орта факторларына санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу, жұқпалы, паразитарлық аурулардың алдын алу, инструменталдық өлшемдер жүргізу, жұмыс орындарын аттестаттау. Конго-Қырым қанды безгегінің алдын алуда профилактикалық залалсыздандыру жұмыстары мен ауру ошақтарында дезинфекция, дератизация, дезинсекция жұмыстарын жүргізу. Бұл қызметтер халықаралық стандарттарға сәйкес аккредиттеуден өткен біздің зертханаларымызда атқарылады. Істің тегіті білікті маманға байланысты екені белгілі. Бұл орайда мамандар біліктілігін арттыру жүйелі жолға қойылған. Мамандарымыз алыс және жақын шет елдерде біліктілік курстарынан өтеді. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға да баса көңіл аударылады. Зертханалар мен бөлімдеріміз заманауи құрал-жабдықтармен жарақталған, — дейді филиал директоры Фарида Қалиева.

Әлемді әлекке салған коронавирус індеті қоғамның өзге салалары секілді сараптама орталығы қызметіне де өз әсерін тигізгені белгілі. Пандемия кезіндегі қиын жағдайда филиал мамандары күшейтілген режимде жұмыс істеп, дертпен күресуде бар күштерін салды.

— Пандемия кезінде, қазірдің өзінде кеселмен күресте біздің мамандарымыз да аянбай еңбек етуде. Былтыр COVID-19 инфекциясын ПТР әдісімен анықтауға қосымша 17 маман тартылып, 20 маманнан тұратын call-орталық ұйымдастырылды. Мамандар күшейтілген режимде жұмыс істеді, — деп атап өтті директор.

Әсіресе, вирусологиялық зертхананың жұмыс ауқымы бірнеше есе артты. Өйткені, ауырып жатқандар қатары көп еді. Олардың вирус жұқтырып, жұқтырмағанын анық-

тап, нақты диагноз қоятын осы вирусологиялық зертхана.

Жалпы Ұлттық сараптама орталығы облыстық филиалының вирусологиялық зертханасы 1994 жылдың көктемінде құрылған. Зертхана вирусты гепатиттің барлық түрін, қызылша, қызамық, желдел-ішек жұқпаларын, тұмау, басқа да вирусты инфекцияларды анықтаумен айналысады. Мұнда штат бойынша бір дәрігер-вирусолог, 4 зертханашы және менгеруші жұмыс істейді. Бірақ пандемия кезінде, жоғарыда айтып өткендей, коронавирус инфекциясын ПТР әдісімен анықтауға қосымша мамандар тартылған. Былтыр жыл аяғында вирусологиялық зертхана жаңа ғимаратқа қоныстанып, заманауи құрал-жабдықтармен жарақталды.

— Мәселен, ауа тамшылары арқылы жұғатын патогенді агенттер, микроағзалармен жұмыс істеу барысындағы сынамалар, мамандарды және қоршаған ортаны қорғау үшін отандық II класты екі биологиялық бокс сатып алынды. Сонымен бірге 96 анализден нуклеин қышқылын 2 сағатта анықтайтын швейцариялық ТЕКАН компаниясының автоматты стансасы алынды. Бұл процедура- ны қолмен жасайтынбыз. Ол кезде 6 сағат кететін. Нақтырақ айтқанда, автоматтандырылған жұмыс стансасы нуклеин қышқылын автоматтық режимде магнитті шарлар негізіндегі технологияны пайдаланып жұмыс істейді. Платформада роботталған екі қол (манипулятор) бар. Бірі зертханалық ыдыстарды ауыстырады, екіншісі — сұйықтықтардың манипуляторы. Бұдан бөлек, дәлдік уақыт режимінде ПТР әдісімен зерттеу жүргізетін сингапурлық заманауи 3 амплификатор бар. Бұл құрал 2 сағатта дайын болатын 384 зерттеуге есептелген. Зертхананың тәуліктік қуаты 1100 зерттеуді құрайды, — дейді зертхана менгерушісі Гүлжан Досанқызы.

Сатып алынған құрал-жабдықтар ішінде коронавирус инфекциясын



диагностикалауға арналған «КамАЗ» базасындағы жылжымалы мобильді зертханалық кешен де бар. Жылжымалы кешен екі бөліктен тұрады. Бірі ДНК/РНК анықтап, реакциялық қоспа дайындап, сынамалар енгізуге арналса, екіншісі — медицина қызметкерлерінің шаруашылық және тұрғын орны. Жылжымалы зертханалық кешен — шалғайда орналасқан кен орындарына барып, ондағы қызметкерлерден сынама алуда таптырмас құрал.

Бүгінде вирусологиялық зертхана 4700 тест жүргізуге арналған 47 тест-система жиынтығымен қамтамасыз етілген. Жыл басынан ПТР әдісімен 45000 клиникалық материалдан зерттеу жүргізіліп, оның 1528-і оң нәтиже көрсеткен.

— Біз филиал жұмысын саралағанда вирусологиялық зертхана жұмысына ғана айрықша тоқталып отырмыз. Себебі, жағдай

белгілі. Дүние жүзін дүрбеленге салып, адамзатқа қорқыныш қамытын кигізген індет ешкімді аяған жоқ. Әлемнің озық мемлекеттерімен бірге біздің еліміз де төтеннен келген кеселмен барынша күресіп, күрделі кезеңнен шығудың жолдарын қарастырып бақты. Әлі де солай. Бұған қарап, орталықтың өзге бөлімдерінің жұмысы қалыс қалды деуге болмайды. Мәселен, кененің шығуымен бірге ушығатын Конго-Қырым қанды безгегімен, обамен күрес те өз ағымымен атқарылып жатыр. Онымен аса қауіпті инфекциялар зертханасы айналысады. Зертханалар мен бөлімдердің де өздеріне жүктелген міндеттері, қызметтері уақытылы атқарылуға, — деді Фарида Ыдырысқызы.

Күнделікті өмірде еңбектері көзге көрінбейтін сала мамандарының тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуде еңбегі зор.

● ЖАС КЕЛСЕ, ІСКЕ!

Анам осы мамандықтың несі болғандықтан, дәрігердің жұмысына көз ашқалы қанықпын. Үнемі дәрі күйіп не қан қысымын өлшеп жатады. Әлі де солай ғой. Зейнетке шықса да ауырған жұрттың шақыртуына барады.

Ауыл адамы дәрігерді акушер не фельдшер деп айырмайды. Олар үшін бәрі — доғдыр.

Сb Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Адамдар ауырмасыншы



Мұндай доғдырлар әр ауылда бар. Олар бәлсініп жатпайды. Келген жұртқа «мен медбике едім, фельдшерге көрініңіз» деу жоқ. «Жүкті әйелдерге ғана жауаптымын, басың ауырса аудан орталығына барсаңшы» деп жатқан акушерді де көрмейсіз. Олар алдына келген науқастың бірінші тәнін емес, жанын сөзбен емдеуге кіріседі.

Шиелінің Жанатұрмысында туып-өскен Ақбота Жиенбаева фельдшер болғалы 5 жыл. Бала кезінен дәрігер болып ойнап, көршінің кішкентай ұл-қызын емдеп жүретінін бүгінде күліп еске алады. Сол бала қиялымен мамандығын адаспай тапты. Бес жылдан бері ақ халат киіп, ауыл халқына қызмет етіп жүр.

— Қызылордадағы «Өркениет» медициналық колледжін 2016 жылы бітірдім. Мамандығым — фельдшер. Сол жылы Шиелідегі наркологиялық стационарда алғашқы еңбек жолым басталды. Жұмысқа тұрардағы қорқынышты айтпаймын (күліп). Бірақ нағыз жауапкершілік арқа-лағанымыз сол кезде анық түсіндім, — дейді Ақбота.

«Ауырған адамға ең бірінші керегі — жылы сөз» дейді ол. Қазір «Көкшоқы» ауылдық емханасында фельдшер болып қызмет істейтін Ақбота тұрғындармен ұдайы байланыста.

— «Көкшоқыға» ауысқан соң да тәжірибем аз болды. Емхана жұмысынан хабарсыз едім. Мұнда ай сайын балаларды жасына сай екепеге шақырамыз. Жұмысқа тұрғаныма ай толмаған уақыт. Өзіме тиесілі аймақтан ешқандай бала шақырмағанмын. Дұрысы, шақыру керектігін ешкім айтпаған. Өріптесім Ләззат Жакеева ескерткенде, екі күн ішінде бала біткенді амбулатория ішіне толтырып жібергенмін. «Бала қайда?» деп ескерту берген Ләззат апай ертеңіне бүкіл ауыл балаларына екеп салып шаршағаны бар. Сондай да қызықтар өтті. Бүгінде көп нәрсе үйрендім, әлі де үйренерім жетерлік. Үлкен кіші «адам жанының арасы» деп көмек күтеді. Олар үшін сен бәрін білетін доғдырсың, — деп ағынан жарылды жас фельдшер.

Көкшоқыдағы 21-аймақтың аяғаны дейтін қосымша міндеті бар Ақбота пандемия кезінде халық арасында болды. Індеттің таралмау жолдарын үйретіп, вакцинаның маңыздылығын айтуда ауылдағы медицина қызметкерлерінің еңбегі зорын ұмытпауымыз керек. Ауылдық емхана дәрігері Фалия Серікбайқызынан көп нәрсе үйренген фельдшер қыздың ел-жұртқа тілегі біреу ғана. Ол тілек бәрімізге түсінікті...

Адамдар ауырмасыншы...

● «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕММЕН» БІР МЕЗЕТ

Әрдайым алғы шепте

Дертіне дер кезінде дауа іздегендердің дені жедел жәрдемге хабарласады. Шақыру қай жерден түссе де, баруға міндетті осы — жедел жәрдем бригадасы. Оларды жолдағы кептелістен кешігіп жеткенде табалдырықтан қабақ түйіп қарсы алатындар, қызметіне көңілі көншімей, шағым айтушылар азайған емес. Десе де, қауырт жұмыстың біз байқай бермейтін қиындығы көп. Жақында тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істейтін мамандардың күн тәртібіне көз жүгірткен едік.

Сb Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

«Қоңырау үні құлақтан кетпейді»

Алдымен біз медицина саласында көпжылдық тәжірибесі бар білікті маман, облыстық жедел жәрдем орталығы басшысының орынбасары Ғалия Талғатқызымен тілдестік. Оның айтуынша, диспетчерлік бөлімдегілер күніне 1500-1600 қоңырау қабылдайды. Тек соның 1500-не ғана осы орталық мамандары жұмылдырылады. Қалған 100 шақырту емханадағы, ауыл-аймақтағы бөлімшелерге жолданады. Сондай-ақ, облыс бойынша 50 бригада 2 ауысымда қызмет етеді, жалпы қызметкерлер саны — 929. Оның ішінде 80-ге жуығы дәрігер болса, 485-і — орта буынды медицина қызметкері, 223-і — көлік жүргізушісі. Диспетчерлік бөлімшеге кіре қалсаңыз, телефонға тыным жоғын байқайсыз. Себебі, бүгінде «112» — төтенше жағдай мен «102» — полиция басқармасы жедел жәрдеммен бірігіп әрекет етеді. Аса ауыр оқиғалар орын алса, үш мекеме қызметкерлері бір мезетте оқиға орнына жетуге асығады. Мамандардың дереу жетуін операторлар қадағалауда ұстайды. Шақырту коронавирус өршіген тұста толастамаған. Сол уақытта операторлардың жұмысы екі есеге артты. Қызметкерлер жұмыстан кейін үйге барғанда қоңыраудың дауысы құлақтан кетпей қояды екен.

Шақырту жауапсыз қалмайды

Жедел жәрдем көрсететін қызмет шақырту санаттарының себебі мен шұғылдығына байланысты анықталып отырады. Жарақат алғанда, жол-көлік оқиғасына ұшырағанда, ула-



нып қалғанда, науқастың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретіндей созылмалы аурулардың асқынуы салдарынан туындаған ауыр жағдайларда, жүкті әйелдердің толғағы қысқан кезде хабарласу қажет. Бірақ, қит етсе жедел жәрдем шақырғанды құп көретін тұрғындар жоқ емес.

— Мамандар әрбір қоңырауды жауапсыз қалдырмайды және барлық шақыртуға асығады. Дегенмен, ереже бойынша жеңіл сырқаты бар науқастардың күтімі жергілікті емханаларға бекітілген. Шұғыл түрде медициналық көмекті қажет ететін науқастар болса, сонымен бірге жедел жәрдем шақыруды қажет етпейтін жағдайлар да болады. Белгілі бір аурумен тіркеуде тұрған науқастың дертпен уәскелік терапевт-дәрігер айналысуға тиіс. Жедел жәрдем сондай науқастарға уақыт бөлгенде, шын мәнінде өлім аузында жатқан паци-

ентке үлгермей қалуы мүмкін, — дейді Ғалия Талғатқызы.

Еркек үшін қоңырау шалатындар да кездескен екен. Жедел жәрдем келуден бас тартпасын деген оймен кей жағдайда жалған уәжі айтатындар да табылады. Мысалы, іші немесе басы ауырып тұрса да, ойланбастан «жүрек ауруы» немесе «өліп барады» деуі мүмкін. Ал, мұндай жағдайлар медициналық көмектің шұғыл

қарай бағыт сілтеді. Жедел жәрдемге жүгінген Нұрисламның ата-анасының айтуынша, оның асқазаны ауырып, күні бойы мазасызданып жатыр. Нұрислам жұқпалы аурулар ауруханасына жеткізіліп, оған қажетті емдом жасалды. Кезекті шақырту Жібек жолы көшесіндегі тұрғын үйлердің бірінен түсті. Мұнда кішкентай Мансұр есімді баланың дене қызуы жоғарылап, ауырып жатыр екен. Анда-санда жөтеліп, мазасы қашатын оған салқын тиіпті. Күні бойына үйіндегілер тиісті дәрі-дәрмегін беріп, ыстығын түсіргенімен, жағдай өзгермеген.

— Бала ауырып жатқанда оның диагнозын дәл табу қиын. Сондықтан 70 проценті «анамнез» арқылы анықталады. Ең бастысы, басы ауырып, балтыры сыздаған жанның жанынан мүмкіндігінше уақытында табылып, көмек көрсету — біздің мақсат. Ол үшін бізде барлық жағдай қарастырылған, — дейді оперативті бөлімнің менгерушісі Мария Төлегенқызы.

Сонымен қатар біз қандай жағдайда дабыл қосылатынын сұраған едік. Мамандар өте шұғыл, әрбір секунд санаулы болған жағдайда ғана дабыл қосылатынын және оны әрбір тұрғын ескерсе деген тілек айтты. Оны қосу — үлкен жауапкершілік. Дабыл науқасты тірі күйінде ауруханаға жеткізу үшін қосылады. Өйткені, ең қиыны — науқасқа үлгермеу, олардың туыстары және жақындарымен жұмыс істеу. Олар көп жағдайда түсінбей жатады, тағы қайта қарап көруді сұрайды, мұндайда қанша жерден медицина маманы болса да, жүрегің селт етпей қоймасы анық.

Біздің жедел жәрдемдегі бір күніміз осылай өтті. Сан түрлі жағдайға ұшырастық және ақ халаттылар қызметінің ауырлығына тағы бір көз жеткіздік. Әсіресе, індет келгелі олардың жұмысы мылтықсыз майданға айналған. Кейбіріміз қарапайым санитарлық талаптарды сақтамай жүргенде, аты жаман індеттің дәл ортасында, яғни қауіпті аймақта жүрген алғы шептегі жауынгерлер еңбегі өлшеусіз. Осыдан кейін жедел жәрдемге кейде кеш келесіздер деп ренжу орынсыз ба деген ой қылаң беретінін де жасырмаймыз.

Дабыл — әрбір секунд бағалы деген сөз

Біз кезекті бригадамен шұғыл шақыруға шықтық. Жүргізуші мекен-жайды сұрап, Торайғыров көшесіне жүйтім жөнелді. Ақ халаттылар бірден төртгі бөлмеге озды, 59 жастағы Әлима Сансызбаеваға көмек қолын созуға кірісіп кетті. Дәрігер науқастың жай-күйін анықтап, дәрі екті. Сәл тынышпаған соң ертенгісін аймақтық дәрігерге жүгінуге кеңес берді. Көлікке мінгенде, тағы бір қоңырау Айтбаев көшесінде орналасқан үйге

Уақытқа таңғалмай отыра алмайсың. Кеше ғана ортамызда жүрген өзгеше талант иесі Әскербек Рахымбекұлының мәңгілік мекенге аттанғанына да бір жыл болып қалыпты. Сүйеніш етеріміз, артында ұрпағы қалды. Шығармашылық мұрасы қалды. Бұған да шүкіршілік. Осылай өмір өте береді екен ғой...

Ақын да – Алланың пендесі, алайда қандай пендесі, ерекше жаратылған, тұмысы бөлек, табиғатында өзгеше ұқсай бермейтін талант иесі. Сондықтан кейде шынайы талантты тани бермейтін кезіміз де аз болмайды. Ал талант – халықтың теңдесі жоқ рухани байлығы. Осы сәтті пайдаланып, ертеде естіген тағылымды бір әңгіме айтайын.

АҚЫНЫ ЕДІ АЛАШТЫҢ

Адамзат өркениеті дамуынан кенже қалып келе жатқан, «мың өліп, мың тірілген қазақ» не көрмеді? Сонау ерте заманда көрші отырған екі ел бір мәселеде ортақ тіл табыса алмай, сан жағынан басымы жауласуға бекінсе керек. Мұны байқаған ел ақсақалдары басыларды ақылағашақырады. Сондағы көнекөз қариялар: «Біз көптігімізге сенеміз. Ал мынау отырған көршіміздің бізден бір артықшылығы бар. Ол – санынан берекесі артып, ұйып отырған ел. Сөзге шешен, суырып салма ақындары мол, рухани жағынан бізден басым. Рухы күшті елмен шайқасып абырой ала қоймаспыз. Реті келсе, ортақ тіл табудың жолын іздейік» деген екен. Аталы сөзге барлығы тұрса керек.

Осы тұста әлемге танылған тұлға Мұстафа Шоқайдың ұлттық рух туралы мәңгі өшпес өсиетін еске түсіре кетсек артық болмас. Ол мынадай мазмұнда еді: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді».

Қоғамда ұлттық рухты арттыруда ақын-жазушылардың рөлі орасан екеніне ешкім күмәндана қоймас. Шынайы қаламгерлер осынысымен мықты, осынысымен кәсіпкері. Бұл айтылған әңгіме ел бірлігін жырлаған Сыр бойының ақыны, ақыны болғанда қандай, Әскербек Рахымбекұлына да жат емес. Мысалы, «Өуезов – аруақ, жебей гөр!» өлеңіндегі мына жолдар ешкімді бейжай қалдыра қоймас:

– Жетер ме дауыс?
Шырау бір биік шындасың
Алатау емес,
Аспанның аржағындасың.
Жеті қат жерді жетектеп
кеткен тұлғасың,
Асыл тастардан айырып
құйған тұнбасың.
Табаның – теңіз,
Көкірегің – дала,
Шың – басың!
Қазактың қайдан
топырағында туғасың?!

Қиянды кезіп қилы
замандар қынғасын
Аруағың қалай ат басын
бері бұрмасың?!

Әскербек қазақтың біртуар жазушысын, ұлы перзентін жырлаумен бірге одан ақындық медет те тілеп отыр. Асылды ардақтай білу арқылы рухын арттырып, рухынды да мыңдап отыр.

Кейінгі жарты ғасырдан астам уақыттан бері танитын, бірсыпыра жақсы білемін дейтін адам туралы жазудың өзіндік қиындықтары бар. Адам баласы қызық қой, күнделікті өмірде көп нәрсеге тереңдеп бара бермей, бетін ғана қалқып жүреміз. Осы білгеніміз кейін бір кәдеге жарар деп ойлай бермейміз. Әйтпесе, есте қалдыруға болатын сәттер болмайды емес, болады ғой, болып жатады да.

Әскербекті сонау өткен алпысыншы, студенттік жылдардан білемін. Ол кездері жиі араласа қоймасам да, бірсыпыра байқадым. Адамды тану – қиынның қиыны. Көзің көбірек білдім, көбірек араластым. Бірақ сол бастағы өзінен қарапайымдылығының озықтығы, сөзінен жымып күлгені алда жүретіні бір сәт өзгерген жоқ. Осы қалпынан кейін ширек ғасырдай облыстық «Ленин жолы» газеті бас редакторының орынбасары, бас редакторы болғанда да бір айныған емес. Бұл оның табиғи жаратылысы, табиғи болмысы еді. Осынысымен сыйлы, осынысымен үлкенге де, қатарластарына да қадірлі болды. Осылай бұл өмірден де өтті. Жайғасқан топырағы жайлы, жаны жаннатта болсын!


Өзімде ондай қабілет болмаған соң ақшыға деген көзқарасым ерекше, оларға, әрине, барлығына емес, шын таланттарға бас мемін. Олардың өмірдің өрнегін көрсететін өз айналары, маңайын сезетін өз көгірек көздері бар. Танымы бөлек, ой тұжырымдары айрықша. Сондықтан шын шабыт иесін қарапайым адамға түсіну оңай емес. Хакім Абайдың баға жетпес мол мұрасын оқып, зерделеп келе жатқанымызға ғасырдан асса да, әлі Шыңғыс тауының етегінде ғана жүріміз. Ұға алмағанымыз, түсіне бермегеніміз, байқамағанымыз қаншама?! Бұл жер бетінде қазақ барда мәңгілік рухани азық бола береді, бола береді.

Мұның барлығын ақын деген Алланың ерекше пендесі үшін айтып, тәптіштеп отырмын. Ойда Әскербектің де барына күмән жоқ. Ол сөздері маржандай ерекше құбылып, төгіліп тұрған ақын болатын. Әсіресе, кейінгі кездері тіпті көсіле кететін:

– Қасиетті далам!
Жотасы жазық, төсі кең.
Жонында жортып,
жұпарыңды жұтып өсіп ем.
Мен де бір текті тұлпардан
қалған тұяқ ем,
Білмеймін қашан бөйгеге
түсіп көсілем?!

Ақын інімнің бұл дүниеден қолтасқанын естігенде бара алмағаныма, арнайы топырақ сала алмағаныма өкінім. «Алланың мүмкіндігі мол, адамның мүмкіндігі шектеулі» дегенге бұл да мысал екен. Іштей оған деген көңілім бөлек еді, оның да көңілі кем емес-тұғын.

Кейде адам баласын, әсіресе ақынды, ақынжанды адамды түрлі-түсті гүлдерге қонып, нәр жинап жүрген ара-тұяқ ұқсатамын. Әскербектің табиғи тірлігі де сол сияқты. Қоғамның, қатар жүрген жора-жолдастың, қызметтес, тіпті азын-аулақ дастарқандас болған адамдардың да берері мол болып жатады. Ал сана таразысына салып, саралап, пайдаңа жаратамын десеп, бұл жетіп-артылады. Өкініштісі, соны тиімді түрде ала алмаймыз, түсіне бермейміз. Әсілі шынайы ақын өткеннен де, кезіндегіден де қуат жинай



біледі, қуаттана түседі. Оның бір ерекше жаратылысы да осында. Сондықтан да өткен ғасыр алдындағы кеңестік қыспақтан азып-тозған, рухани жүдеушілікке түскен қазақ халқының басындағы қиыншылықты өз басындағыдай сезінген ақын жүрегін 1990 жылдары жазылған «Махамбеттің рухына шағыну» деген өлеңінен жаңылмай тануға болады.

– Жалынымды ап тастаған жанымнан,
Қызуымды ап тастаған қанымнан.

Сау дейсің бе,
Санам менің жарымжан,
Жарымжаннан батыр шығып не қылған?!

Таба алмассың тектілікті қанымнан,
Сезе алмассың қазақ иісін жанымнан.

Апырау, бұл азғындық деп не қылған,
Батыр баба, тартармысың жағымнан.

Осы естелікті жазар алдында үйдегі кітап қорымды қарап, Әскербектің үш-төрт еңбегін таптым. Оларды парактап отырып, мынандай ойға келесің. Әскербек кешегі қызметтес болған ағаларына да, қатар-құрбыларына қарыз болып кетпепті. Өлеңмен не арнайы мақаламен үн қатқан. Бұл да – Әскербектің адами болмысын, жанының тазалығын, көңілінің пәктігін танытатын дүниелер. Шынына келгенде, мұндай дархандық қалам ұстағанның бөрінің қолынан келе бермейді. Пәлен жері бірге жүріп, замандастары туралы тасқа басқан бір ауыз жылы сөз жазбаған қаламгерлер аз емес.

Әскербектің өзін туралы жазған «Жомарт жүрек» атты естелігін тағы да оқып шығып, өткен бір оқиғаны еске түсірдім. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне депутат болып сайландым. Алдымен Алматыға, 1997 жылы қысқа қарай астанаға келдік. Орналасып алғаннан кейін өткен өмірімді, кешегі елде араласқан ағаларымды, қатар құрбы, інілерімді жиі еске түсіретін болдым. Сондай күннің бірінде Әскербекті де еске алдым. Екі-үш кітабы жарық көргені жалғыз да. Біраздан бері жана туындысын көре қоймадым. Бір жағы ол кезде ұл-қыздарының анасы Сәбира да о дүниелік болып еді. Содан Әскербекке телефон шалып, хал-жайды біліп, не жазып, не шығарып жатқанын сұрадым. Күнделікті жұмыстан қалтарыс тауып, жазған дүниелерінің біраздан бері жинақ болып шыға қоймағанын айтып қалды. Бұл маған ой салды. Ажалға амал жоқ. Тек соны сәл де болса, жеңілдетер жолын іздеу керек болды. Көп ұзамай, оны шешудің реті келді. Депутат ретінде Мәдениет министрлігінің бір, қазір есімде жоқ, комиссиясының мүшесі едім. Сондай отырыстардың бірінен кейін марқұм Алтынбек Сәрсенбаевқа Әскербектің жайын айттым. Ол бірден орынбасары Әлібек Асқаровқа тап-

сырма берді. Не керек, көп ұзамай «Айдыннан айырылған Аралым-ай» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Бұл жай жоғарыдағы естеліктен орын тауыпты.

Ақын бала мәздігі ғой. Сәл нәрсе қуантады, ал қуаныш сезімді оятады, ол алға ұмтылуға есік ашады. Әскербектің 2001-2016 жылдар аралығында тоғыз кітаптың авторы болуына бір мысқал көңіл-күй сыйлай алғаным өзім де қуандым. Адамға жақсылық жасау, қатарына қарайласу Алла тағаланың пендесіне берген бірден-бір сыйы емес пе? Қоғам да осынысымен құнды екені белгілі.

Барлығы он екі жинақтың авторы болу бір адамның басына көп болмаса, әсте аз емес. Бұл – Әскербектің ұзақ жыл, 1965-2009 жылдар аралығында, оның ішінде облыстық «Сыр бойы» газетінің басшылығында жүріп, журналистік ұзақ сапарда уақыт ұрлап, қалтарыста жазған дүниелері. Ақындықпен бірыңғай айналысуға нарық жібәрмеді. Ал жалпы қандай болмасын кәсіп жүйелі жұмысты тілейді. Ал жүйелі тірліктің берері әр уақытта мол болатынына өмір куә.

Әскербек әдемі әлеуметтік ортада болды, кімге болса да сыйлы, құрметті болды. Бұл өркімнің тағдырына жазылған сый емес. Бұл – ақындық жолдан тапқаны емес, ыстық жүрек, абзал тілек табиғаты болған жандардың болмысы. Қай жылы, қазір жалаңды жоқ, көптен бірге болудың реті келді. Мен елордадан, ол Қызылордадан келіп, Жанакорған санаторийінде бірнеше күн бірге демалдық, ем алдық. Өткен-кеткенді айтып кең тыныстап, кешегі қатар құрбыларымызды еске түсіріп, бой жаздық. Көбіне қалам ұстаған, кеше алда болған ақаларымызды, қатар жүрген құрбыларымызды айтып, жеңілдеген болатынбыз.

Әскербектің кітаптарын актарып отырып, осыдан жиырма жылдай бұрын өзіме арнаған өлеңі көзге түсті. Бұл менің 60 жылдығымға арналған екен. Ықылас ортақтығын тағы да байқадым. Риза болдым. Өлеңді қайта оқып, көңілге жұданыш еттім:

– Мереке күні жыр шоғын сыйға берейін,

Телегей асып,
Тереңнен маржан терейін.
Айдыңның шалқып,
Асқақтай берсін мерейін,
Төмендей көрме,
Тек биіктерден көрейін!
... Етекте қалмай,
Ере алсам, мен де ерейін...

Міне, бұған да жиырма жылдан асыпты. Енді сөздері жадымызда, өзі жоқ. Осындай ақын інімнен айырылғаным «өтпеген-ай» дегеннен басқа сөз де, амал да таба алмадым. Лайым ұрпақтары аман болып, жүректерін жарып шыққан рухани туындылары ұзақ жасасын!

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар докторы,
профессор

**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**



Үлкендер айтушы еді «Өмір дегеніміз – қас-қағым сәт» деп. Диірменнің тасындай дөңгелеген дүниенің мұнша қысқа айналатынын кім білді дейсің?

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ

Ғұмырының басым бөлігін өңіріміздің қаржы-салық саласына арнаған Ақжігіт Базархан Төрөқұлұлы алпыстың асуынан асқан шағында мезгілсіз арамыздан кетті. Аймаққа белгілі ардақты азаматтың бұл пәниден озғанына да 40 күннің жүзі болыпты. Тұған жерінің ғана емес, халықтың қамын ойлаған, көзден кетсе де көңілден кетпейтін, білімді, білікті, адамгершілігі зор, қимас жан Базархан Төрөқұлұлының орны бөлек еді. Өмірге құштар жанның жолы күтпеген тұстан үзіледі деп ешкім ойламаған. Жақсылардан бата алған, ақылмен жол тапқан, ардақты тұлға құйрықты жұлдыздай мезгілсіз ағып өтті. Суық хабар сол сәтте санамызды сансыратып күйзелтті. Бірге өткізген, қызмет-парыздың ыстық-суығын бірдей көрген күндерді еске алып, көңіл-күйіміз толқыды.

«Тумақ бар жерде өлкем те бар» дейді шариғат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе, өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой. Кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген Базархан әріптесімізден қапыда айырылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын әріптес, бауыр, аға, есіл дос жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?

Сыр өңіріне келіп, Базекенмен бірге елге қызмет жасағаным үш жылға жуық уақыт болыпты. Оны етене таныған уақытым да осы аралық. Жасым көп кіші болса да, ол кісінің кішіпейілділігін көрдім, аға тұттым. Жұмыс барысын талқылап, көп ақылдасатынмын. Қалтқысыз қызметімен, өз ісіне берілген адалдығымен жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленген біртуар азамат екенін көзбен көріп, қоғам алдындағы қызметіне куә болдым.

Базекеннің өмірдеріне тоқталсақ, ол 1960 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Ауылдағы орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң Алматы қаласындағы Халық шаруашылығы институтына оқуға түсіп, қаржы мамандығы бойынша бітірген. 1982 жылы облыстық қаржы басқармасында экономист болып еңбек жолын бастайды. 1987-1990 жылдар аралығында Қазалы аудандық қаржы бөлімінде әртүрлі қызмет атқарып, 1990 жылы осы ауданда мемлекеттік салық инспекциясының басшысы болып тағайындалды.

Оның салық саласына келген кезеңі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен мекемелердің жекешелендіріліп, бірқатары таратылып, жабылып, айлық, зейнетақы уақытылы берілмей, жалпы экономикалық дағдарыстың әсерінен әлеуметтік қорғаудың төмендеген шақ еді. Осындай ауыр кезеңде халықтан салық жинау, төленген салық жәрдемақы, өтемақы, зейнетақы болып қайта төленетіндігін түсіндіру, есептелген салықты мүмкіндігінше төлеуге қол жеткізу Базекен жүргізген саясаттың, қажырлы еңбектің нәтижесі деп түсінуге болады.

1997-2004 жылдары облыс бойынша салық комитеті басшысының орынбасары, 2004 жылы Жанакорған ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы болып істеді. 2005-2014 жылдар аралығында облыстық салық комитетінде басқарма басшысы, құрылымдық өзгерістерден кейін облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінде өмірінің соңына дейін басқарма басшысы қызметін атқарды.

Басшылық қызметінде білімділігімен қатар парасаттылығы, досқа деген адалдығы, әріптестерге деген сыйластығымен ерекшеленді. Сондықтан болар, қызмет жасаған уақытында ел алғысына бөленіп, өз ортасында абырой биігінен жүрді. Елің сүйді, асыл жарын аялады, балапандарын шексіз әкелік махаббатқа бөледі, дос қадірін білді. Адал қызмет етіп, кісілік келбетін та-



нытты. Биік парасатымен, шексіз адалдығымен, көшелі көпшілдігімен, әдемі әзілімен мыңдаған жүректерді баурады. Ешкімді алаламай, бәрімен теңдей араластырып Базекеннің айтқан әзілдері ұмытылмайды. Келген кісіні құшақ жайып қарсы алып, қоштасарда есік аузына дейін шығарып салуы бөлек бір тәрбие мектебі еді.

Дана Абай атаған жігіттің үш қасиеті: «нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» Базархан ағамыздың бойына туа бітті сіңген деп білемін. Оның ғұмыр дариясы мәңгілік ағысқа ауысты. Аз ғана ғұмырында артына өшпес із қалдырды. Ұрпақ өсірді, дос тапты, құда-жекжаттарымен тату-тәтті араласты.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан, өз ісінің адал маманы Базархан ағамыздың еселі еңбегі жоғары бағаланып, Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет Грамотасымен, «Салық қызметінің үздігі», «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгілерімен, мерекелік медальдармен, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекеттік награда – «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Оның қарамағындағы қызметкерлерді басқару әдісі де ерекше еді. Жұмсақ, жағымды даусымен, әзіл араластырып, күлдіріп отырып тапсырма бергенде жұмысқа деген құлшыныс арта түсетін. Әр тапсырманы ұқыпты, жауапкершілікпен орындауды, талап қоя білуді үйретті. Шешімі табылмаған мәселелерде үнемі жол тауып шығатын.

«Базекеннің даусы жағымды, аяғының дыбысын шығармай, жылдам жүретін. Ақырын қасына келіп, жұмыс үстеліне үніліп тұрғанын байқағанда селк ете қалсаң, әзілімен күлдіріп, көңіліңді көтеріп кететін. Өлдебір тапсырманы дұрыс орындамай қойып, бізге ренжігенде «тү-қымның жайылығыр» деген сөзді көп айтатын», – деп еске алады әріптестері.

Әрбір жетістікке жеткен ер адамның артында мықты әйел тұратыны сөзсіз. Базекеннің жары Шолпан жегеміз де ерінің тілеуін тілеген жан. Екеуі бір ұл, екі қыз өсіріп, өз ұясына қондырды. Алайда, Базекен балалары мен немерелерінің қызығын көрер тұста жалған дүниеден қаштып кете берді. Бүгінде өмірден ерте оза да, артына өшпестей із қалдырған озық ойлы азаматтың еңбегін айрықша алап айтуымыздың өзіндік мәні бар. Өйткені, Базекеннің ерен еңбегі туған өлкесі – Сыр өңіріне сіңді.

Шағын ғана ауылдан шыққан біртуар азаматтың атқарған қызметі ел жадынан өшпек емес. Алыстаған сайын биіктей түсетін тау секілді ел игілігі үшін адал еңбек етіп, қаржы-салық саласының дамуына бар ғұмырын сарп еткен Базархан Төрөқұлұлының тұлғасы да уақыт өткен сайын асқақтай түсетініне шүбәміз жоқ.

Кен жүректі азамат, еліне, халқына адал қызмет еткен, үлкенге ізетті, кішіге ақылшы бола алған Базархан ағамыздың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгілікке қала бермек.

Ғалымжан ОРЫНОВ,
облыс бойынша
мемлекеттік кірістер
департаментінің басшысы



Арал өңірі – ежелден өнер мен дәулет қонған жер. Бұл шынында да солай. Кешегі Жаңаберген, Жаппарберді, Бітімбай, Жәмет, Дәрікұл, Кәрбоз, Үмбетәлі, Бекбосын, Хамза, Қуат, Берекет жыраулардан бастап, Бекұзақ, Сұраған, Рысбек, Темірхан, Набат, Елмұра, Демеулер осы өңірден өсіп шықты.

Міне, солардың бірі әрі бірегейі Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, ауданның Қазанғап атындағы ұлт-аспаптар оркестрінде 40 жыл бойы ән айтқан Сейітқали Сейітмұратов еді.

Сейітқали 1941 жылдың 8-ші наурыз күні Сексеуіл кентінде дүниеге келген. Тірі болғанда биыл оның 80 жасын тойлаған болар едік. Бірақ тағдыр оған жазбады.

Сейітқалидың әкесі үш ағайынды. Құттымұрат, Өтемұрат, Сейітмұрат. Құттымұраттан – Әміт, Дәрі. Дәрі кезінде акробатикадан әлем чемпионы болды. Өтемұраттан – Мәжит, Болат. Мәжит біраз жыл облыстың Білім басқармасын басқарды. Өмірден ертелеу кетті. Болат болса қазірде Қазақстан экономикасының өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген ірі кәсіпкер. Сейітмұраттан Сейітқали.

Сейітқалидың есімін Арал ауданын былай қойғанда, бүкіл Қызылорда облысының өнер қауымы түгел біледі. Ол барлық саналы тұрмырмен өнер мен мәдениетке арнаған адам. 40 жылдан аса Сексеуілдегі мәдениет үйінің директоры қызметін атқарды. Осы жылдарда Сексеуілден көптеген талантты өнерпаз жастар өсіп шықты. Солардың қатарында бүгінде республикаға танымал жыршы-термеші Шолпан Бейімбетова, Қазанғап оркестрінде ұзақ жыл домбырашы, әнші болған Нұрболат Лепесов, Бұқарбаева Гүлсара, Жетексева Гүлжахан және басқа көптеген өнерлі қыз-жігіттер болды. Ал, баласы Нұрболат болса облысқа танымал әнші. Әке жолын қуып, Сәкен зейнетке шыққасын біраз жыл Сексеуіл мәдениет үйінің директоры қызметін атқарды. Қазір Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

Сәкен басқарған жылдарда Сексеуіл мәдениет үйінде 50-ге жуық көркемөнерпаздар мүшесі болды. Өте белсенді ұжым еді. Жыл сайын көркемөнерпаздардың аудандық байқауларында жүлделі І-ші,



ӨМІРІН ӘНГЕ АРНАҒАН

2-ші, 3-ші орындардың бірін иеленіп отыратын. Ол кезде бас жүлде болмайтын.

Сәкеннің дауысы жағымды, мықты әнші болатын. 40 жыл бойы Қазанғап оркестрінің бас әншісі болды. Оркестрмен бірге 1974 жылы Мәскеуге, 1978 жылы Қарақалпақстанға барды. Ауданның барлық елді мекендерін, көршілес Қазалы, Қармақшы аудандарын аралап, өзінің тамаша әндерімен елді сүйсінтті. Оның орындауындағы М.Сыдықовтың «Балықшы қыз», «Сыр гүлі», «Сырдария», «Аққуым менің», «Майдангерлер мәңгі жасайды», Н.Тілендиевтің «Аралдағы жеміс-ай», Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», С.Мәуленовтың «Сөзіңе жазылған «Соғыстан қайтқан солдаттар», М.Төлебаевтың «Кестелі орамал», Т.Базарбаевтың «Ауыл-ым», Ш.Қалдаяқовтың «Сыр сұлуы», тағы басқа әндерін қалың жұртшылық бүгінге дейін ұмытқан жоқ.

Аралдың абызы атанған, атақты «Аралым – айдын шалқарым» атты терменің авторы Әбілхан Маханов ағамыз Сейітқалидың дауысына тәнті болып,

Қақтырдың аймағына ән қанатын,

Адамның билеп алар жан-санасын.

«Баласы Көдекеннің ғажап қой» деп,

Даусыңды естігендер танданатын.

Жез тандай, күміс көмей сынғырлаған,

Тап-таза тау суындай сылдыраған.

Асырып көк теңізден ән салғанда,

Туысқан Қарақалпақ қол бұлғаған.

Жарасқан туымыңа тұлға-мүсін,

Даусың бар танытардай әннің күшін.

Жұрт не десе, о десін, жұмысым жоқ,

Мен үшін Сырдың саңлақ Біржанисын.

Білмеппіз келгенінді елу жасқа,

Бұл нәубет келетін жайт әрбір басқа.

Елу түгіл,токсанға келсең-дағы,

Әй, көке, ән дегенде орның басқа –

деп келетін «Асырып көк теңізден ән салғанда» атты өлеңін арнаған.

Оркестр құрамында Мақашбай Алмағамбетов, Қани Баймағанбетов, Құнқияш Омарова, Марзия Избанава, Жамал Досмамбетова және

басқалар ұзақ жылдар бойы жеке дауыста ән айтып, сол құрметіне бөленді. Солардың ішінде Сейітқалидың орны бөлек, шоктығы биік тұратын.

Ол бірнеше дүркін республикалық, облыстық фестивальдардың лауреаты атанды. Оның ұзақ жылғы жемісті еңбегі ескеріліп, оған 2011 жылы ҚР-ның Мәдениет қайраткері атағы берілді. Дәл осы жылы Сәкен 70 жасқа толды. Нұрболат бастаған балалары әкемізге тосын сый болсын деп, оған білдіртпей, осы жасын тойлауға кіріседі. Тойдың күні белгіленген аса жоғары талғаммен көркемделген шақыру билетін жасап және әкесіне сыйлыққа деп шетелдік жеңіл автокөлік алады. Көлікті үйге әкелген күні Сейітқалиға осының бәрін бір-ақ білдіреді. Дәл сол күні Сәкеннің қолындағы келіні де босанып, немерелі болады. «Әке машинаға мін, Сексеуілді бір аралап келейік» деп Нұрболат әкесін машинаға отырғызып кентті аралатады. Үйге келгесін Сәкен, мен кішкене демалып алайын, деп өз бөлмесіне кетеді. Қуаныш та, қайғы да бірдей деген емес пе, қайран азамат сол кішкене демалыстан тұра алмай, тойға небәрі бірнеше күн қалғанда бақиға аттанып кете барды. Өкінішті-ақ.

Міне, осындай жаны жайсаң, жүрегі жомарт абзал азаматты бүгінде арамызда жоқ дегенге сенгенде келмейді. Жол түсіп Сексеуілге бара қалсақ Сәкен алдымыздан күліп қарсы алатындай. Нұрболаттай өнерін жалғастырушысы барда, біз Сәкенді әлі де арамызда деп есептейміз. Кезінде Арал Сейітқалимен мақтанса, бүгінде Нұрболатпен мақтанады. Қазақтың қоңыр үнді, жұла дауысты Нұрболаттың барына қуанамыз.

Бүгінде Сәкеннің жан-жары Бейбіт ұрпақтарының қызығын көріп, қарашаңырақта бақуатты өмір сүруде.

Сейітқалидың жарқын бейнесі оның көзін көрген замандастарының жүрегінде ұзақ сақталады. Сол Сәкеннің бейнесін ұзақ сақтау үшін өзінің туған жері Сексеуілден атына бір көше берілсе, құба-құп болар еді.

Жақсыбай ТӨРЕБЕКОВ,
мәдениет саласының ардагері.
Арал ауданы

● ЕСТЕЛІКТЕР ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ...

Әнге ғашық адам...

Ол Сексеуіл ауылдық клубының меңгерушісі еді. Клубтың күнделікті жұмысы мәдени іс-шаралардың арасында ән өнерін әдемі деңгейде әлпештеп, сазын салтанаттап сахнаға шығатын.

Ән айтқанда жанарынан жалын атып, әлдебір алысқа көзін тігіп, тыңдаушысын үнмен тербетіп, әуенмен асқақтатып, жүрегімен жан беріп, ешкімге ұқсамайтын даусымен, көңіл көмкеріп тәтті иірімнің таңғажайып үлгісін тамырлата білетін. Ол ән боп

асқақтап, ән боп әуелеп, ән боп өмір сүретін. Халық әндерінің қадіріне жетіп, ән тарихының оқиғасын өне бойынан өткеріп кемелдете, мәнерлете ән өнері мәңгілік екенін, адами заттың арман-мақсатын үлгілеп айтып отыратын.

Шуағы мол адам еді, қайран Сейітқали аға... Ол ән айтқанын абырой көретін, көрерменнің алдына шыққанын атақ көретін. Даңғаз мадақтардан қашқақтап, «қойшы соны» деп тыйып тастайтын. Бірде Сейітқали ағамыз «Оңталап,

ән аманатым сенің қасында жүр, көз қырыңды салып қоярсың, бала ғой, бастауы бар екенін білесің» деп қоңырау шалғаны бар. «О-о, Сәкесі, Сәкеннің сәні мен әніндей салтанатыңды осы Нұрболаттың жалғастыратын болады. Әлі бәрін көзіңізбен көресіз» деп телефонда амандасып, телефонда қоштасқан болатынбыз. Сейітқали Сейітмұратов – біртуар талант, Арал аспанында ән әуелеткен азамат. Сексеуілде тұрып, өнер өрнектеген, азаматтық арайын көпке түсіріп,

Құдай берген қасиетін ән ми-уасына айналдыра білген, қасиет кенері ән болып тасыған асыл аға еді. Қазір баласы Нұрболат Астанада өз өнер түгіндігін ашып, өмір сәулетіп жүр. Ол да Сейітқали ағамыздай әнге ғашық. Әнші бейнесі сана көгімізде жарқырай берсін.

Оңталап НҰРМАХАНОВ,
ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, акын, режиссер

Бекзат болмыс

Естеліктер еске түскенде ағамыздың соншалықты балажан бола тұра, қанша жыл облыс мәдениетінің, ән өнерінің көшін жегіп келе жатқан еңбегі мен беделін салып, араға түсіп, баласы туралы бір ауыз өтініш, не талап айтпағаны ойға оралады. Балам ән айтпайды, билейді, екінші кезеге өтуі керек десе де, бір айтқаны болар еді. Іші уылжып, ет жүрегі езіліп тұрса да өзгелердің көңіліне қау салуды қаламайтын ағамыз буынсыз жерге пышақ ұрып, ретсіз араласпайтынын көрсетіп еді.

Біздің бойымызда кішкентай болса да өнер адамына тән жақсы қасиет болса, біз алдыңғы толқын осындай ағаларымыз бен апаларымыздан алдық.

– Кім туралы жазып отырсың? – дейсіз бе...

Облыс ән өнерін әуелетіп, Сыр мәдениетінің мәртебесін республикалық деңгейде дүрілдеткен – Сейітқали аға Сейітмұратов туралы да...

Тілеген БЕКАРЫСТАНОВ,
әріптес інісі

Жастардың жанашыры еді

Сейітқали ағай екеуіміз 1993 жыл болу керек, Аралға бардық. Ондағы мақсатымыз – Бөген ауылында өтетін Зейнулла Шүкіров атындағы бәйгеге қатысу. Қолымда домбырам бар, ол да онша-мұнша жақсы емес. Бірақ Жезқазғаннан колледж бітіріп келген кезім.

Арал аудандық мәдениет үйіне барып отыр едік, домбырада байланған ныққа асатын жіп бар екен соны алып тастандар деп, сол мәдениет үйін ұзақ жыл басқарған Байнияз ағай тапсырма берді. Оны алайық десек, қатты шиеленіп байланған жылға екен, әрі бері тырмысқанмен алынбады.

Сонан сол жерде алмас кәдімгі лезвия тауып кесіп тастамақ болғанбыз ғой, байқамай домбыраның пернесін тұйықтаған жерін кестік те алдық. Ал ендеше, домбыраның бар пернесі саудырап түсті де қалды. Ағай екеуіміз бір-бірімізге қарап таңбыз. Мен жылағым кеп тұр. Солай абдырап тұрғанымызда жанымызға марқұм Бекұзақ Тәңірбергенов аға келді.

«Ау Қожеке, не болды?» деді. Содан аға бәрін түсіндірді. Сол жерде басқа домбыра тауып берді Бекұзақ аға. Сонымен Бөген ауылына барып өнер көрсетіп, сол жерден мен облыс халық шығармашылық орталығының директоры марқұм Махашу ағаймен танысып, облыстың үлкен өнеріне қадам бастым.

Сейітқали ағай осындай жас өнерпаздардың үлкен ортаға қанат қағуына қолдаушы болып жүретін адал азамат болатын.


Шолпан БИМБЕТОВА

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
- ✓ кепілсіз
- ✓ алты жылға дейін

ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ



1 000 000 ТГ ДЕЙІН

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы)
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

2006 жылғы үлгідегі банкноттарды мерзімсіз айырбастауға қатысты

Халықтың көптеген өтініші негізінде, сондай-ақ, халықаралық тәжірибені ескере отырып, Ұлттық Банк 2006 жылдан бастап және одан кейін шыққан банкноттарды айырбастау үшін шексіз мерзім енгізу туралы шешім қабылдады.

Жаңа банкнот шыққан жағдайда, **12 ай ішінде** ескі банкнот қатар қолданыста жүреді. Басқаша айтсақ, ескі банкнот та, жаңа банкнот та заңды төлем құралы болады және оларды бір жыл бойы барлық төлем түрі бойынша қабылдауға міндетті.

Қандайда бір банкнот айналымнан шыққаннан кейін оны **3 жыл мерзім** ішінде Ұлттық Банктің филиалдарынан да, екінші деңгейлі банктердің (ЕДБ) бөлімшелерінен де, «Қазпошта» АҚ кеңселерінен де айырбастап алуға болады.

Егер сіз белгілі бір себептерге

байланысты айналымнан шыққан банкноттарды 3 жыл ішінде ЕДБ бөлімшелері мен «Қазпошта» АҚ кеңселерінде айырбастай алмай қалсаңыз, онда Ұлттық Банктің Қызылорда филиалында оларды **мерзім бойынша шектеусіз айырбастай аласыз.**

Осындай байланысты 2021 жылдың 14 маусымынан бастап жеке және заңды тұлғалардан 2006 жылғы үлгідегі номиналы 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңге айналымнан шығарылған банкноттарды қабылдап айырбастауға болатынын хабарлар етеміз.

Қосымша кеңес қажет болған жағдайда, Бекзатхан Асқар көшесі 30 үй мекен-жайында орналасқан Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалына хабарласуға болады. Хабарласу телефоны 8 (7242) 551518.

● АЛҒЫС

Өмір. Уақыт. Араша

Өткен жылы қараша айының 30-күні тәнертең жолдасым қан қысымы көтеріліп құлап, ауыр халде қалалық ауруханаға түскен болатын. Бас қан тамырларының зақымдануына байланысты 2 мәрте операция жасалды. Оның отбасымен аман-есен қауышуы – әуелі Алланың күдіреті, одан кейін халыққа күні-түні қызмет жасап, әрбір адамның өмірін сақтап қалу үшін аянбай жүрген ақ халатты абзал жандардың арқасы.

Атап айтқанда, қалалық аурухананың бас дәрігері Төлеген Бауыржан Төлегенұлына, бас дәрігер орынбасары Алипов Қадырбек Раманқұлұлына, жан сақтау бөлімінің меңгерушісі Тайманов Бахытжан Әбуұлына, ОМЦ нейрохирургия бөлім меңгерушісі Оразмаханұлы Шынжырбай ағамызға, кардиолог Ибраева Гүлнар Ибрайқызына, нейрохирург Беркінбекұлы Айдынбекке, Сақтапова Бағдатқа, инсульт бөлімше меңгерушісі Тулебаев Руслан Мирамұлына, логопед Бауқенов Айбек Қы-

дырбайұлына, реабилитолог Әлсейтов Ғалымжан Саулебекұлына, Қасымов Нұрлан Валиханұлына жан сақтау бөлімінің қызметкері, Ғалия Алибаева – инсульт бөлімінің қызметкері, Абенова Ғалия Ибадуллақызына – невропатолог, ОМО реабилитация №1 (калпына келтіру және оңалту) бөлімшесінің білікті, тәжірибелі маманы, дәрігерлер Ботағөз Серікжанқызына, Сәкен Оразбекұлына, медбике Анар Садуақасова, тазалықшы Анар Төлегенова және басқалары халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде. Адамдардың жүрегіне жылу ұялатып, дертіне шипа, көңіліне медеу бола алғандарыңыз үшін сіздерді бүгінгі медицина саласының төл мерекесімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, зор денсаулық, жұмыстарыңызға абырой, мәртебелеріңіз биік болсын деп тілейміз. Отбасымыздың атынан мың алғыс!

**Ізгі тілекпен,
Рахметовтер отбасы
Ғалымжан-Алия**

Хабарландыру

Қызылорда облысы цифрлық технологиялар басқармасының «Жедел әрекет ету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне еден жуушы және хатшы қажет. Байланыс тел.: 87714805453. Түйіндемелер «Астана» даңғылы №1 мекен-жайы бойынша қабылданады.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



ДАМУ АЙМАҚТАР

ДАМУДАН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН НЕСИЕЛЕР МЕН КЕПІЛДІКТЕР

ДАМУ РЕГИОНЫ

КРЕДИТЫ И ГАРАНТИИ ДАМУ ДЛЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

НЕСИЕ СОМАСЫ Сумма КРЕДИТА

750 000 000 Т

ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРІ/ТЕМЕ НЕ БОЛЕЕ

14% ДЕЙІН

Қызылорда қаласы, И.Жұрба көшесі 12, тел: 8 (7242) 55-11-12.

© 1408

Halyk Bank клиенттеріне «iPhone 12» ұтып алуға мүмкіндік бар



Halyk Bank әр апта сайын өз тұтынушыларына тиімді әрі қолжетімді науқандарын ұйымдастырып келеді. Сіз банк қызметтерін пайдалана отырып,

«iPhone 12» телефонына қол жеткізуіңіз мүмкін. Банктегі аталған тиімді акция жайлы толығырақ Halyk Bank Қызылорда облыстық филиалының директоры Алмат Данкеновтен сұрап білдік.

Оның айтуынша, Halyk Bank-те әр апта сайын «iPhone 12» ойнатылып жатыр. Бұл акцияға қатысу үшін Homebank мобильді қосымшасын пайдаланып төлем жасауыңыз керек. Неғұрлым қосымшамен көп операция жасасаңыз, соғұрлым ұтыста жеңіске жету мүмкіндігіңіз жоғары.

«Сіз акция туралы енді естуіңіз мүмкін. Ал біздің кейбір клиенттеріміз «iPhone 12» телефонын ұтып үлгерді. Қызылорда қаласы мен Жалағаш, Шиелі аудандарының тұрғындары біздің тұрақты тұтынушымыз ретінде бізге сенім білдірді. Нәтижесінде акцияның қарапайым шарттарын орын-

дап, өздеріне тиесілі сыйлықтарына қол жеткізді. Сыйлықтың ертенгі иесі сіз де болуыңыз мүмкін. Жөнімпаздар барлық төлемдер мен мобильді нөмір арқылы аударымдар арасында кездейсоқ сандарды таңдау арқылы және Halyk Bank-тің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында тікелей эфирде анықталады. Сіз неғұрлым көп операция жасасаңыз, жеңіске жету мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Апта сайын мобильді нөмір арқылы аударым және кез келген төлем жасап, әр апта сайын ұтыс ойынына қатысыңыз! Қатысу шарттары банктің ресми сайтында жарияланды», – дейді Алмат Данкенов.

Акцияға қатысу үшін Homebank қосымшасы арқылы қызметтерді төлеңіз. Оның ішінде коммуналдық қызметтер, ұялы байланыс, салықтар, көлік, балабақша және басқа 6000-нан астам қызмет түрлері бар. Соны-

мен қатар Homebank қосымшасында телефон нөмірі арқылы Halyk Bank клиенттеріне аударымдар орындасаңыз, акцияның қатысушысы болып саналасыз.

«Егер де сіз әр апта сайын операциялар орындасаңыз, онда әр апта сайын сіз ұтыс ойынына қатыса аласыз. Осы жылдың 29 тамызына дейін Homebank қосымшасы арқылы телефон нөмірі бойынша орындаған аударымдар және кез келген төлемді жүзеге асырған қатысушылар арасында «iPhone 12» ойнатылады. Ескеріңіз, қатысушылардың 10-ға дейінгі операциясы ғана қарастырылады», – дейді Halyk Bank Қызылорда облыстық филиалының директоры.

Айта кетейік, акцияға Homebank-те орындалған төлемдер мен мобильді нөмір арқылы орындалған аударымдар ғана қатысады. Ал картаға, шоттарға



және кіріс аударымдары қарастырылмайды.

ҚНРДА берген 2020 жылғы 3 ақпанындағы №1.2.47/230/38/1 лицензиясы

АЛАҢДАРЛЫҚ АХУАЛ

Букмекерлік кеңселер: Залалы жұртқа, пайдасы кімге?

Қала көшелерінен бір көріністі байқайсыз ба? Букмекерлік кеңселер жылдам ашылып жатыр. Бұрынғы шағын дүкен, оңаша әрі жайлы дәмхана, шаштараздардың орнын таппай қаласыз. Орында жарнамасы жер жаратын – «IXBET», тұрақты тұтынушылары бойынша көш басында тұрған – «OLIMPBET», бопұсы көп – «Фонбет». Бұл тенденция жыл санап артып келеді. Букмекерлік кеңселердің мұндай танымалдылығының себебі неде?

Сb Биболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

Осы оймен сондай кеңселердің біріне кіріп те көрдік. Ату-жөнін атамауды сұраған жап-жас кассир қыз тарзатып ештеңе айтпаса да, «Бәс тігіп пайда тауып жүрген адам бар ма?» деген сұрағымызға қысқа жауап қайырды.


– Тіпті әуре болмаңыз, – деді де, әңгімесін әрі жалғады. – Менің қай жерде жұмыс істейтінімді біле сала барлығы қалай бәс тіксе ұтыс алуға болатынын сұрайды. Нақты айту мүмкін емес. Бір мысал айтайын. Жұмыста отырмын. Түнгі сағат екінің шамасы. Зал бос. Бір ағай кіріп:

– Қарындас, маған ең дұрыс ставканы айтшы, – деді.

Ережеге сәйкес мен оған «мынау матчқа былай бәс тігіп, нәтижесін күт» деп айта алмаймын. Бәс тікпеуге де үгіттеуіме болмайды. Сондықтан «Өзіңіз қандай спорт түрін ұнатасыз? Қай құрамаға жанкүйерсіз?» деген сияқты сұрақтармен тіке жауап бермеуге тырыстым.

– Қарындас, сен мені түсінбедің. Маған ең дәл ставка керек. Коэффициенті көп, ұтатыным анық болуы тиіс. Менің ипотекам бар, – деді әлгі ағай.

Не айтарымды білмедім. Мұнда бар ақшасын алып, кездейсоқ, үміт етіп келетін адамдар көп. Біздің де қолымызда ойын нәтижесі ал-



дың ала жазылып тұрған дәптер жоқ. Компьютерім матчтың қалай аяқталатынын көрсетпейді. Өзі бәс тігіп бүкіл ақшасынан айрылған кейбір құмар ойыншылар, тіпті алаяқтар осындай аңқау адамдарға болжамдар сатады. Оның барлығы – адамды алдау ғана. Қолындағы қағазға қарап бәс тігетіндер де көп. Әдетте олар тіпті қай спорт түріне бәс тігіп жатқанын білмейді. Болжамды сатып алып, барлық жалақысын бәске тігуге келеді. Өйткені оған біреу «бұл – 100 процент вариант» деп айтқан.

Бір ғана қарапайым нәрсені есте сақтаныз – жүз процент сенімді ставка жоқ. «Барселона» да ұтылуы мүмкін. Ал ең әйгілі боксшы бірінші раундта нокаутқа түсіп жатады. Кез келген спортта айқын фавориттер де ұтылатын кез болады, – деді.

Осы әңгімені естіп, өзімізше ой

қорытқан болдық. Біріншіден, букмекерлік кеңселер жұмысы облыс деңгейінде толық қадағаланбайды. Сондықтан, олардың қанша нүктесі бар, табысы қанша, олар қанша салық төлейді, тағы да басқа ресми дерек алу мүмкін емес. Екіншіден, ел аумағындағы букмекерлік бизнес туралы да нақты дерек жоқ. Тәуелсіз сарапшылардың болжамдары, әртүрлі статистика ғана бар. Айта кетерлігі, ол деректер де бір-бірімен үйлеспейді.

• Бейресми дерек бұл салада Қазақстанда 30 мыңға жуық адам жұмыс істейтінін айтады. Елімізде жарты миллионға жуық адам тұрақты түрде бәс тігеді. Олардың үтқанынан ұтылғаны көп екені айтпаса да түсінікті. Тіпті, еліміздегі әрбір бес ахырсаудың біреуіне осы бір зиянды әдет себеп болады екен. Онда бұл бизнес нәліктен соншалықты танымал?

Бұрын, 2007 жылы ойын бизнесі туралы заң қабылданғанға дейін букмекерлік кеңселерді жаппай ашудың қажеті жоқ еді. Өйткені Қазақстанның кез келген ірі қаласында казинолар мен ойын автоматтары еркін қолжетімді болды. Ойын бизнесінің бұл сегменті букмекерлік кеңсеге қарағанда әлдеқайда көп пайда әкеледі. Бірақ қазір, заң қабылданып, тек арнайы аймақтарда ғана казино ашу мүмкін болған кезде, букмекерлік кеңселер заңдағы кішкене олқылықты ұтымды пайдаланып кетті. Расында да олардың қызметіне тыйым салатын заң жоқ. Бірақ кейбір шарттар бар. Кеңсе иесінің лицензиясы болуы, ұтысты алу үшін ойыншы кемінде 21 жаста болуы керек.

Жалпы, букмекерлік – кез келген

ойын бизнесі сияқты, өзін-өзі ақтау тұрғысынан ең жылдам бизнесінің бірі. Оған бастапқы капитал да көп керек емес. Шағын орынды, кассир немесе операторды жалдау, компьютер, принтер, кассалық машина және плазма сатып алу жеткілікті. Виртуалды кеңсе ашу одан да тиімді. Интернетте бизнес жүргізу үшін үй-жай, қызметкерлер қажет емес. Оған қоса лицензиясыз, ешқандай тіркеусіз, тіпті, салықтан жалтарудың да жолын тауып жұмыс жасай аласыз. Егер коэффициенттер сауатты құрастырылған болса, букмекерлік кеңсе бір жылға жетпей байып шыға келеді.

• Осы жерде «бәрін жауып тастауға не кедергі?» деген заңды сауал туындайтыны анық. Біріншіден, заң рұқсат береді және ол букмекерлік кеңселер жағында. Екіншіден, мемлекетке мұндай салық көзін жабу тиімсіз. Бейресми деректер бойынша, Қазақстанда букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жылдық табысы шамамен 600 миллиард теңгеге дейін жетеді. Тағы бір дерек 800 миллиард теңге дейді. Ал Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметінше, 2019 жылы бұл нарық бюджетке 16,5 миллиард теңге салық түсірген. Тағы бір таңғаларлық жағдай, өткен жылғы пандемияға байланысты шектеулерге қарамастан, букмекерлер табысы еселеп өскен. Осы ретте мемлекет бұл бизнесті қадағалау шараларын қабылдап та жатыр.

Айталық, биылдан бастап 2020 жылғы 2 шілдедегі «Ойын бизнесі

туралы» жаңа заң күшіне енді. Заң құмар ойындарға тәуелділікпен күресуге бағытталған. Пәтерін, бүкіл жиған-тергенін бәске тігіп, барынан айырылған жандар туралы естіп жатамыз. Құмар ойындарға тәуелділікті «лудомания» деп атайды. Кез келген тәуелділік сияқты, оның алдын алу емдеуден гөрі оңай. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл патологияны психикалық ауытқушылық ретінде ресми түрде мойындады. Сонымен қатар, жаңа түзетулер букмекерлік бизнестің ашықтығын қамтамасыз етуі керек. Осылайша, беделді компаниялар нарықтың заңсыз қатысушылары бәсекесінен арыла алады.

Жаңа заң аясында Ұтыстарды тіркеу орталығы құрылады. Орталық қызметі тек құмар ойыншыларға көмектесумен шектелмей, алаяқтардан қорғайды. Кәметекте толмағандардың бәс тікпеуін қадағалап, ересек ойыншылардың өз ұтысын алуына кепілдік береді. Өйткені, өкінішке қарай, қазақстандықтар ұтысын ала алмай жататын кездер де болып тұрады.

Мысал үшін алысқа барудың қажеті жоқ. Өткен жылдың қараша айының басында алматылық тұрғынның әңгімесі үлкен резонанс туғызды. Ақтауда іссапарда болған кезде ол бірнеше бәс тігіп, 19 миллион теңге ұтып алған. Алайда букмекерлік кеңсе ұтысты төлеуден бас тартты. Нәтижесінде ойыншы сотта өз ұтысының әділ екенін дәлелдеді. Бұл бір ғана жағдай емес. Спорт жанкүйерлері мен букмекерлік кеңселер арасындағы дау көп. Көп жағдайда мұндай даудың себебі өте аз мөлшердегі ақшаға қатысты болған соң елеусіз қалып жатады.

Салық органдары да сотқа жни жүгінеді. Олар қазіргі уақытта сайттар арқылы тігілген бәстерге бақылау жасай алмайды. Көп компаниялар осы олқылықты өз мақсатында пайдаланып жүр. Мысал ретінде қазақстандық ірі букмекерлік компаниялардың бірінің иелеріне салық төлеуден жалтаруына байланысты қозғалған қылмыстық істі айтуға болады. Оның иелері іздеуде және құқық қорғау органдарының айтуынша, шетелде жасырынып жүр. Сондықтан, Ұтыстарды тіркеу орталығы басқалармен қатар, табысын жасырып, салықтан жалтаруға тосқауыл болып, заңсыз компаниялардың іс-әрекетін тоқтатудың маңызды элементіне айналады деп сендіреді мамандар.

Тәуелсіз сарапшылардың пікірінше, ойын бизнесіндегі нақты табыстың үштен екісі көлемінде қалып отыр. Букмекерлік кеңселердің көпшілігі шетелдерде тіркелгенін ескерсек, бұл – азаматтардың ақшасы тура мағынасында желге ұшып жатыр деген сөз. Басқаша айтқанда, жалпы айналымдағы 600 миллиард теңге табыстың 400 миллиардтан астамы жасырын күйінде. Демек, мемлекет жасырын 40 миллиард теңгеге жуық салықты жоғалтады. Анығында, елге және азаматтарға зиян одан әлдеқайда көп.



Суреттер интернеттен алынды